   - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының орындалуын бақылау;
   - Балабақшадағы экологиялық мәдениет пен «Жасыл балабақша» жобасының іс-шараларын жүзеге асыру;
   - Балалардың тәрбиесіне ұлттық құндылықтар мен ұлттық ойындарды интеграциялау.
4. Педагогикалық кеңес отырыстары екі айда бір реттен кем емес жиілікпен, бекітілген кестеге сай өткізілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз міндетіме аламын.

Директор **А.Баянова**

М.О.

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 1

29 тамыз 2024

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 9
Қатысуға тиісті – 9

Күн тәртібінде

1. 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын талқылау бекіту.
   Перспектива, циклограмма бекіту.
2. 2024 жыл 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнын таныстыру.
   әдіскер А. Жақсылықова
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытынды есебін тапсыру.
4. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығын салыстырмалы тексеру қорытындысы.
5. Тренинг.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі І-мәселе бойынша бөбекжай директоры А. Е. Баянова сөйледі.

Құрметті әріптестер 2024-2025 жаңа оқу жылын бастағалы отырмыз. Баршаңызды жаңа оқу жылымен құттықтаймын. Еңбектеріңізге жемісті табыс, шығармашылық жетістіктер тілеймін. Бүлдіршіндеріміз аман болсын. Толағай жетістіктерге жете берейік.

Алдымен бөбекжайдың жылдық жоспарын таныстырып өтейін. Әр бөліміне тоқталып, барлық педагогтер жылдық жоспармен таныстырылып, талданып, жоспар бекітілді. Топ тәрбиешілері перспектива, циклограммаларын тексертіп бекіттірді.
Сұрақ болған жоқ.

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша бөбекжай әдісеері А. Жақсылықова сөйледі.
Құрметті әріптестер жаңа оқу жылына бәрімізге сәттілік. Ауызбіршілікте бірлесе отырып оқу-тәрбие үрдісімен айналысайық. Биылғы жылы әдістемелік нұсқаулыққа экологиялық мәдениет, ұлттық құндылықтар енгізілді. Осыған орай жұмыстану керек.
2024 жыл 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнын жан-жақты таныстырып, түсіндірілді.

Күн тәртібіндегі ІІІ-мәселе бойынша топ тәрбиешілері жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытынды есебін берді. Әр бір өткізілген іс-шараларға талдау жасалды. Әдіскерге ақпарлама түрінде тапсырылды.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойыншы бөбекжай директоры А. Баянова сөйледі.
Әріптестер бөбекжайымыз 2024-2025 жаңа оқу жылына дайын. Барлық құжаттар дайындалды. Материалдық, техникалық база толық. Оқу-тәрбие үрдісіне жан-жақты дайынбыз. Биылғы оқу жылынды 26 тәрбиеленуші мектепке шықты.
Бөбекжайда оқу-тәрбие үрдісін біртұтас тәрбие бағдарламасымен жан-жақты жұмыстану керек.

Бөбекжай психологы А. Жамишева педагог тәрбиешілерге тренинг ұйымдастырды.

Шешім

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. 2024-2025 жаңа оқу жылының жылдық жоспары, перспектива, циклограммалары талқыланып, бекітілді.
2. 2024 жыл 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұны жан-жақты таныстырылды.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттандырарлық деп танылды.

Пед.кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы: А. Жақсылықова

Тренинг: «Психологиялық жайлылық және сергу сағаты»
Бөбекжай психологы: Жамишова Гүлжихан

Мақсаты: педагогтардың эмоционалдық күйзелісін және шаршауын басу, тәрбиешілер ұжымындағы ауызбіршілікті, сенімділікті арттыру, позитивтік ойлауды дамыту.
1-кезең: Бой сергіту және танысу (5 минут)
Жаттығу: «көңіл-күйімнің түсі қандай?»

- Мақсаты: педагогтардың тренинг алдындағы ішкі эмоционалдық күйін анықтау және еркін атмосфера орнату.
- Барысы: психолог тәрбиешілерге шеңбер бойымен тұруды ұсынады. Әр тәрбиеші кезекпен: «менің қазіргі көңіл-күйім қызғылт сары түс сияқты, өйткені мен бүгін қуаныштымын...» немесе «меңің көңіл-күйім сұр түс сияқты, өйткені мен сәл шаршап тұрмын...» деп өз күйін бір түспен сипаттайды.
- Психологтың сөзі: «құрметті әріптестер, бүгін біз жұмысты, балаларды, есептерді бір сәтке ұмытып, тек өзімізге уақыт бөлеміз. Бүгінгі түсіміз қандай болса да, тренинг соңында ол ашық әрі жарқын түске ауысады деп сенемін».

2-кезең: Негізгі бөлім – психологиялық релаксация (15 минут)
1-жаттығу: «сенім соқпағы» (топты біріктіру)

- Мақсаты: ұжым ішіндегі өзара сенімділікті арттыру, жауапкершілікті сезіну.
- Барысы: тәрбиешілер екі-екіден жұптасады. Серіктестердің бірі көзін жұмады (немесе матамен байлайды) — ол «жолаушы». Екінші тәрбиеші — «жолбасшы». Жолбасшы көзі жұмулы әріптесінің қолынан ұстап, бөлме ішіндегі түрлі кедергілерден (орындықтар, үстелдер) ақырын сөйлесе отырып, қауіпсіз өткізіп шығуы тиіс. Содан кейін орын алмасады.
- Талқылау: көзіңіз жұмулы болғанда қандай сезімде болдыңыз? Әріптесіңізге сене алдыңыз ба?

2-жаттығу: «қағаз парағы» (күйзелісті, негативті сыртқа шығару)

- Мақсаты: іште жиналған реніштi, шаршауды, агрессияны қауіпсіз жолмен жою.
- Барысы: психолог әр тәрбиешіге бір-бір ақ қағаз таратады. Нақты нұсқау береді: «енді осы қағазға іштеріңіздегі барлық шаршауды, мазасыздықты, реніштi, жиналып қалған стрессті елестетіңіздер. Оны бар күштеріңізбен умаждаңыздар, жыртыңыздар, таптаңыздар». Тәрбиешілер қағазды умаждап болған соң, психолог ортаға қоқыс жәшігін қойып: «енді осы мазасыздықтың бәрін қоқысқа лақтырып, өзімізді жеңіл сезінейік» дейді.
- Тиімділігі: бұл — арт-терапияның ең жылдам әрі нәтижелі әдісі. Тәрбиеші дене қимылы (уқалау, жырту) арқылы бойындағы негативті энергетиканы шығарады.

3-кезең: Рефлексия және өзін-өзі бағалау (7 минут)
Жаттығу: «күн шуағы» (позитивті терапия)

- Мақсаты: тәрбиешілердің өзіне деген сенімділігін арттыру, өздерінің жақсы қасиеттерін еске түсіру.
- Барысы: әр тәрбиешіге күннің суреті салынған қағаз беріледі. Күннің ортасына тәрбиеші өз есімін жазады. Ал күннің әрбір шашыраған шуағына (лучи) өзінің ең жақсы, мықты қасиетін жазуы керек (мысалы: меирімдімін, сабырлымын, әдемімін, жауаптымын, креативтімін т.б.).
- Психологтың сөзі: «қараңыздаршы, сіздердің әрқайсысыңыз — айналаға жылу шашатын күнсіздер. Осы қасиеттеріңізді ешқашан ұмытпаңыздар».

4-кезең: Қорытынды (3 минут)
Жаттығу: «жүректен жүрекке»

Барысы: тәрбиешілер қайтадан шеңберге тұрады. Психолог қолдарына жұмсақ ойыншық жүрекшені (немесе шарды) ұстайды. Ойыншықты қасындағы әріптесіне бере отырып: «мен сізге бүгін тек күлкі тілеймін», келесісі: «мен сізге сабырлық тілеймін» деп, бір-біріне психологиялық қолдау сөздерін айтады.

Құрметті тәрбиешілер!
Балардың бақытты болуы — тікелей сіздердің көңіл-күйлеріңізге байланысты. Егер сіздер күлімдеп, бақытты болып жүрсеңіздер, топтағы балалар да өзін жайлы сезінеді. Алдымен өзіңізді жақсы көріңіздер, өзіңізге күтім жасаңыздар. Бүгінгі тренингке қатысқандарыңыз үшін рақмет!

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 2

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 9
Қатысуға тиісті – 9

қараша 2024

Күн тәртібінде

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Баяндама «Тәрбие негізі ұлттық құндылықтарда»
3. Күн тәртібіндегі серуен орындалысын талдау.
4. Педагогтардың шығармашылық жұмыстарынан көрме.
5. Тренинг

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі I-мәселе бойынша бөбекжай директоры А. Е. Баянова сөйледі.

Қайырлы күн құрметті әріптестер. Бүгін міне өздеріңізбен бірге жылдық жоспар бойынша №2 педагогикалық кеңес өткізгелі отырмыз. Алдымен №1 педагогикалық кеңеске тоқталып өтейік. Шешімінің орындалысы бойынша айтып өтейін.

2024-2025 жаңа оқу жылының жылдық жоспары, перспектива, циклограммалары талқыланып, бекітілді. Педагог тәрбиешілер циклограмма бойынша жұмыстарын, іс-әрекеттерін жүйелі жүргізіп отыр.

2024 жыл 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұны бойынша бөбекжайда оқу-тәрбие үрдісі жан-жақты, жүйелі, жоспарлы жүргізіліп отыр.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының ақпарламасы тапсырылып, қанағаттандырарлық деп нәтижесіне баға берілді. Келесі оқу жылында өте жақсы нәтиже көрсетіледі дегім келіп отыр.

Күн тәртібіндегі II-мәселе бойынша бөбекжай директоры А. Е. Баянова «Тәрбие негізі ұлттық құндылықтарда» тақырыбында баяндама оқыды.

Күн тәртібіндегі III-мәселе бойынша бөбекжай әдіскері топтардағы серуенді күн тәртібі бойынша орындалысын бақылап, қадағалап талдау жасады. Әр тәрбиеші өз тобының серуен сәтінен әңгімелеп берді.

Күн тәртібіндегі IV мәселе бойынша бөбекжайдың барлық педагог тәрбиешілері өз шығармашылық тақырыптары бойынша көрме ұйымдастырды. Өте керемет көрме болды. Әр тәрбиеші 5-6 логикалық ойындар, дид. ойындар, үлестірмелі материал, көмекші көрнекілік құралдар дайындаған. Біртұтас тәрбие бойынша жан-жақты дайындалған. Әр тәрбиеші өздері қорғап, қалай ойналатынын көрсетіп, керемет тәжірибе алмасу болды.

Күн тәртібіндегі V мәселе бойынша психолог Г. Жәмишова педагогтер арасында «Көңілді тренинг» өткізді. Барлық тәрбиеші педагогтер ұйымшылдықпен қатысып, керемет көңіл күйде болды. Тренингте бір-біріне деген көмек, көңілді сәлемдесу, бірлесіп тығырықтан шығуға, шапшаңдыққа, аңғарымпаз болуға, достық көмекке шақырды.

Шешім етеді:

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. Бөбекжай күн тәртібі бойынша жүйелі оқу-тәрбие үрдісі жүргізілсін. Күн тәртібі орындалысын әдіскер А. Жақсылықова басты назарда қадағаласын.
2. Бөбекжай педагогтерінің шығармашылық жұмыстарына ізденуіне әдістемелік көмек берілсін.

Пед кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы: А. Жақсылықова

Баяндама тақырыбы: «Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтарда»
Баяндамашы: Бөбекжай директоры

I. КІРІСПЕ: Ұлттық тәрбие – ұлт болашағының іргетасы
Армысыздар, қадірлі әріптестер, білім мен тәрбие майданының ардақты зиялылары!

«Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде тіреу керек, адам баласы дұрыс өсу үшін оған бала кезден тәрбие керек» — дейді халық даналығы. Баланың тұлғалық, азаматтық және рухани болмысының іргетасы дәл осы мектепке дейінгі кезеңде, бөбекжай қабырғасында қаланады. Бүгінгі жаһандану дәуірінде, технократтық қоғам мен цифрлық кеңістік бала санасын жаулап жатқан тұста, біздің алдымызда үлкен тарихи міндет тұр. Ол — ұрпағымызды роботқа айналудан сақтап, оның бойындағы **адамдық қасиетті, ұлттық кодты, ана тілі мен ата-баба дәстүріне деген құрметті** сақтап қалу. Сондықтан да біздің бүгінгі бағытымыз — «Тәрбие негізі – ұлттық құндылықтарда» деп айқындалады. Ұлттық құндылықпен сусындап өскен бала — ертеңгі күннің мықты, бәсекеге қабілетті, бірақ өз тамырынан ажырамаған елінің патриоты.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ: Ұлттық құндылықтарды бөбекжай ортасына кіріктіру

Бөбекжай деңгейінде ұлттық құндылықтарды бала санасына сіңіру құрғақ теориямен немесе жалаң ұранмен жүрмейді. Ол — күнделікті өмірдің тынысына, баланың ойынына, іс-әрекетіне айналуы тиіс. Біз өз жұмысымызда ұлттық құндылықтарды төрт негізгі діңгек арқылы жүзеге асырамыз:

1. Тіл мен фольклор – рухани уыз

Ана тілі — ұлттың жаны. Бөбекжайдағы әрбір күн баланың тілдік қорын байытудан басталады.

- **Бесік жыры мен Ертегі терапиясы:** Ертегілер арқылы бала жақсылық пен жамандықты ажыратады. Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеті баланың қиялын дамытып, эмпатия (өзгеге жаны ашу) сезімін оятады.
- **Мақал-мәтелдер мен Санамақтар:** Бұл элементтер баланың логикалық ойлауын дамытып, қысқа қайырып, нұсқа сөйлеуге, шешендікке баулиды.

2. Ұлттық ойындар – тән мен жанның шірауы

Халқымыздың «Асық ату», «Арқан тартыс», «Орамал тастамақ», «Тұмақ ұру» сынды ойындары — баланың физикалық саулығының кепілі.

- **Дене қимылының дамуы:** Ұлттық ойындар баланың шапшаңдығын, ептілігін, мергендігі мен төзімділігін арттырады.
- **Денсаулық технологиясы:** Біз өз бөбекжайымызда «Асық терапиясын» кеңінен қолданамыз. Асықпен массаж жасау ұсақ моториканы дамытса, асық кілемшелерімен жүру жалпақтабандылықтың алдын алады.

3. Салт-дәстүр мен Әдеп-иба – адамгершілік мектебі

Бала кішіге қамқор, үлкенге құрмет көрсетуді бөбекжай қабырғасынан бастап сезінуі керек.

- **Сәлемдесу мәдениеті:** «Аталы сөзге арсыз жауап қайтармайды». Баланы үлкендерге жол беруге, «Ассалаумағалейкум», «Амансыз ба?» деп ізеттілік танытуға дағдыландыру.
- **Ысырапшылдыққа жол бермеу:** Дастарқан мәдениеті, нанды қадірлеу, табиғатты аялау сияқты ата-бабамыздан қалған экологиялық тәрбиені бала санасына сіңіру.

III. ЗАМАНАУИ БӨБЕКЖАЙ СТРАТЕГИЯСЫ: "Ұлттық өнім және Жаңашылдық"

Бөбекжай директоры ретінде менің ұстанымым: **«Ұлттық тәрбие — ескілікті қайталау емес, оны заманауи форматта жаңғырту»**. Сондықтан біз өз ортамызда мынадай инновациялық қадамдарды жүзеге асырудамыз:

- **«Этно-педагогикалық кеңістік»:** Топ бөлмелері мен дәліздерді тек заманауи стильде емес, ұлттық ою-өрнектердің, жүннен жасалған бұйымдардың, ағаш ойыншықтардың көмегімен жылылық сыйлайтын «Тірі этно-мұражай» ретінде безендіру.

- **«Ұлттық STEM» жобасы:** Балалар тек пластикалық конструкторлармен ғана емес, табиғи материалдармен (ағаш, асық, киіз, тастар) жұмыс істейді. Бұл баланың экологиялық санасын және креативті ойлауын арттырады.

IV. ҮШТІК ОДАҚ: Бөбекжай – Бала – Ата-ана

Тәрбие тек бөбекжай ішінде ғана қалып қойса, оның нәтижесі жартыкеш болады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің». Ұлттық құндылықтар отбасында жалғасын табуы тиіс.

Біз ата-аналарды тәрбие процесіне белсенді тарту мақсатында:

1. **«Әжелер мектебін»** құрдық. Әжелеріміз балаларға ертегі айтып, бауырсақ пісіруді, құрақ құрауды көрсетіп, ұрпақтар сабақтастығын жалғап келеді.
2. **«Әкелер мектебі»** арқылы ұл балаларға ерлік, батырлық, жауапкершілік қасиеттерін егіп, қамшы өру, асық бояу секілді ер азаматқа тән өнерді дәріптейміз.

V. ҚОРЫТЫНДЫ

Қадірлі әріптестер!

Біздің бүгінгі еккен егініміз — ертеңгі Тәуелсіз Еліміздің тірегі. Егер біз бүгін бөбектердің жүрегіне «Мемлекетім», «Отаным», «Ана тілім» деген қасиетті ұғымдарды ұлттық тәрбие арқылы ұялата алсақ, біздің болашағымыз жарқын, іргеміз берік болады. Ұлттық құндылықтармен қаруланған бала — ешқандай жат ағымға ермейді, өзге мәдениеттің жетегінде кетпейді. Ол қайда жүрсе де өзінің қазақ екенін мақтан ететін болады. Ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу жолындағы мәртебелі де ізгілікті еңбектеріңізге береке тілеймін!

Назар аударып тыңдағандарыңызға рақмет!

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 3

Таушық ауылы 25 қаңтар 2025
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 9
Қатысуға тиісті – 9

Күн тәртібінде

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған қызметтерінің орындалысы.
3. Ойын жаттығулар.
4. Экологиялық мәдениет.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі I-мәселе бойынша бөбекжай директоры А. Е. Баянова сөйледі.

Құрметті әріптестер біздер 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары бойынша №3 педагогикалық кеңесті өткізгелі отырмыз. Алдымен №2 пепагогикалық кеңес шешімдерін тоқталып өтейік.

Бөбекжайдың күн тәртібі бойынша жүйелі оқу-тәрбие үрдісі жүргізіліп отыр. Күн тәртібінің орындалысын бөбекжай әдіскері, медбикесі үнемі қадағалап отыр.

Бөбекжай педагог, тәрбиешілері өз шығармашылық тақырыптары бойынша жан-жақты ізденіп, зерттеп шағармашылықтарын шыңдап, жинақтап жатырсыздар. Әр педагог әдіскермен тығыз байланыста болуы керек. Шығармашылық жұмыстары бойынша модератор мен сарапшыға өтетін барлық педагог жұмыстануы керек.

Күн тәртібіндегі II-мәселе бойынша барлық педагог тәрбиешілер өз есебін берді. Жоспарлы топтарда ұйымдастырылып өткізілген қызметтеріне слайд дайындап жүйелі айтып өтті. МАД тобы «Алтын сақа» тобынан тәрбиешілер Жамишова Г., Орысбаева А. өте жақсы ақпаратын беріп, жүйелі айтып шықты. Ересетер тобы «Ертөстік» тобы бойынша тәрбиешілер Ходжа-Ахметова К., Әміреева А., ортаңғы топ «Толағай» тобы тәрбиешісі Сатыбалдиева Б., кіші топ «Алпамыс» тобынан тәрбиешілері Байбақова Ж., Утеуова М. Барлық тәрбиешілер жарты жылдық жасаған жұмыстары бойынша ақпарлама берді. Топтарда жүйелі іс-шаралар күнделікті қызметтер жоспар бойынша өткізілген. Аудандық, облыстық, республикалық байқау, сайыстар жоқ. Педагогтерде курс жоқ. Санат барлығында болуы керек. Модератор педагогтер сарапшыға тапсыруы керек. Материал болуы үшін сайыс, байқауларға қатысуы керек. Баспасөз бар бұлда бір жетістік.

Күн тәртібіндегі III-мәселе бойынша топ тәрбиешілері күн тәртібі бойынша ойын жаттығулар өткізіп отыр. Әдіскер А. Жақсылықова сөйледі.

Әр топта ойын жаттығулар картотекасы бар. Ойынның көрнекіліктерін нақты жасаған бүгінгі пед. кеңеске ойын жаттығуларының көрнекі құралдарын түгелдей алып келді. Әр тәрбиеші өз ойын жаттығуларын таныстырып, педагогтарға ойнатып көрсетті. Ойын жаттығуларды өте жақсы ұйымдастырған.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А. Жақсылықова сөйледі. Биылғы оқу жылына балабақшадағы экологиялық мәдениет, экологиялық тәрбие қосылды. Тоқталып өтейін. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесінде табиғат жағдайындағы практикалық, зерттеушілік іс-әрекет үлкен рөл атқарады. Экологиялық тәрбие бала күнделікті өмірде кездесетін ең жақын қоршаған орта объектілерінен басталуы керек. Қарым-қатынас арқылы балалардың қоршаған әлемге деген қызығушылығынан болып жатырған құбылыстарды байқауға деген ұмтылысынан көрінеді. Экологиялық тәрбиенің пайда болуы бұл мектеп жасына дейінгі балаларға тән іс-әрекетті нақты түрлеріне негізделген тәрбиелік іс-әрекеттің нәтижесі.

Шешім

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. Бірінші жарты жылдық бойынша топтардың ұйымдастырылған қызметтерінің орындалысында жақсы нәтижелер көрсетілді.
2. Ойын жаттығулар бойынша тәрбиешілер арасында байқау өткізілсін.
3. Бөбекжайда экологиялық мәдениет бойынша жүйелі жоспарлы іс-шаралар өткізілу керек.

Пед кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы: А. Жақсылықова

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 4

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33

28 наурыз 2025

Қатысқаны – 10
Қатыспағаны– 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Ойын арқылы балалардың шығармашылық құзыреттілігін дамыту.
3. Дене қимыл қозғалысының дамуына ұлттық ойындардың маңызы.
4. Мектеп алды топтары балаларының жеке даму картасын дайындау, бақылау жұмыстары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі І-мәселе бойынша бөбекжай директоры А. Е. Баянова сөйледі.

Құрметті әріптестер сіздермен бірге №4 педагогикалық кеңесті өткізгелі отырмыз. Алдымен №3 педагогикалық кеңестің шешімдерін талқылап өтейік. Бірінші жарты жылдық бойынша топтардың ұйымдастырылған қызметтерінің орындалысында жақсы нәтижелер көрсетілді. Топ тәрбиешілірі жоспарлы өткізіп, ұйымдастырып отыр. Жылдағы іс-әрекеттерге қарағанда осы оқу жылында нәтиже жақсы.

Жылдық жоспар міндеттемесіне орай ойын жаттығулар бойынша топ тәрбиешілері арасында байқау ұйымдастырылды. Топ тәрбиешілері белсенділік танытып, ұйымшылдықпен қатысты. Тәрбиеленушілерде қызығушылықпен қатысты.

Бөбекжайда экологиялық мәдениет бойынша іс-шаралар жоспарлы, жүйелі өткізілді.

Күн тәртібіндегі ІІ-мәселе бойынша «Ойын арқылы балалардың шығармашылық құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша көрме ұйымдастырылды. Көрмеге барлық топ тәрбиешілері белсенділікпен қатысты. Әр тәрбиеші 5 дағды бойынша әр түрлі ойын, логикалық ойын, сергіту ойындары, көрнекі құралдар дайындады. Әр педагогтың дайындаған материалдары бірінен-бірі өтеді. Жақсы сапада дайындаған, баланың ойнауына ыңғайлы дайындалған.

Күн тәртібіндегі ІІІ-мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешісі Сатыбалдиева Бибінұр баяндама дайындады. «Дене қимыл қозғалысының дамуына ұлттық ойындардың маңызы» тақырыбында оқыды, тәрбиешілермен тәжірибе алмасты.

Күн тәртібіндегі ІV-мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Жақсылықова А. сөйледі. Мектеп алды топтары балаларының жеке даму картасы бойынша топ тәрбиешілеріне тапсырма берді. Әдіскер НОБД салу үшін Жамишова Гүлжихан, Орысбаева Алтынтөре балалардың даму картасын дайындауға жұмыстану керек. Бақылау жұмыстары жүйелі жүргізілу керек.

Сөйледі: бөбекжай директоры А. Баянова.

Мектеп алды тобы «Алтын сақа» тобының жеке даму картасын топ тәрбиешілері жүйелі орындау керек. Себебі НОБД базасына енгізу үшін. Осыны әдіскер құнттап қарап, базаға салуы керек.

Шешім

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. Өткен №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалысы жүйелі орындалған.
2. Ойын арқылы балалардың шығармашылығын дамыту мақсатында ұйымдастырылған көрме өте жақсы жасақталған.
3. Мектеп алды топтарының балаларының жеке даму картасын жүйелі жазып орындауын қадағалау әдіскер А. Жақсылыққа тапсырылсын.

Пед кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы: А. Жақсылықова

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы
әдіскері А. А. Жаксылыкова

Баяндама тақырыбы:

«Дене қимыл-қозғалысының дамуына ұлттық ойындардың маңызы»

Тәрбиеші: Сатыбалдиева Бибінұр

Наурыз айы 2025 жыл

Дене қимыл-қозғалысының дамуына ұлттық ойындардың маңызы

Мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы балалардың физикалық қасиеттерін (шапшаңдық, ептілік, күш, төзімділік) ұлттық қозғалыс ойындары арқылы дамыту, тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру және өзара тәжірибе алмасу.

I. КІРІСПЕ

Мектепке дейінгі кезең – бала организмінің қарқынды дамып, тұлғалық қасиеттерінің іргетасы қаланатын ең жауапты шақ. Қазіргі таңда білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – дені сау, рухы асқақ, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі – балалардың техникалық құралдарға (телефон, планшет) байлануы және соның салдарынан туындайтын гиподинамия (қозғалыс аздығы). Қозғалыстың шектелуі баланың тұлғалық дамуына, зейініне, тіпті тілінің шығуына да кері әсерін тигізеді. Бұл мәселені шешудің ең тиімді, табиғи әрі қызықты жолы – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық қозғалыс ойындары.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Ұлттық ойындардың физиологиялық және психологиялық маңызы

Ұлттық ойындар – тек уақыт өткізу құралы емес, ол үлкен тәрбие мектебі. Баланы жан-жақты дамытудағы маңызын мынадай топтарға бөліп қарастыруға болады:

- Анатомиялық-физиологиялық әсері: Ойын барысында баланың тірек-қимыл аппараты қатаяды, бұлшықеттері шынығады, өкпенің тыныс алу көлемі ұлғайып, қан айналымы жақсарады. Жүгіру, секіру, еңбектеу қимылдары ағзадағы зат алмасу процесін жылдамдатады.
- Психоэмоционалдық әсері: Қозғалыс ойындары баланың көңіл-күйін көтеріп, стресстен арылтады. Ойын барысындағы жеңіс пен жеңіліс баланы сезімді басқаруға, төзімділікке үйретеді.
- Әлеуметтік дағдылар (Командалық рух): Балалар ережеге бағынуды, құрдастарымен санасуды, бір-біріне көмектесуді және топпен бірлесіп әрекет етуді үйренеді.

2.2. Қозғалыс сапаларын дамытудағы ұлттық ойындардың жіктелуі

Балабақшадағы дене шынықтыру жұмыстарында ұлттық ойындарды баланың дене сапаларын дамыту бағытына қарай жүйелі қолдану қажет:

1. Шапшаңдық пен реакцияны дамыту:
    - *Ойындар:* «Ақсерек-көксерек», «Орамал тастамақ», «Соқыртеке».
    - *Маңызы:* Бала дыбыстық немесе көрнекі белгіге тез жауап қатуды, жылдам бағыт өзгертіп жүгіруді үйренеді.
2. Ептілік пен координацияны дамыту:
    - *Ойындар:* «Асық ату», «Ханталапай», «Тұмақ ұру».
    - *Маңызы:* Бұл ойындар көз мөлшерін (глазомер), қол мен саусақтардың ұсақ моторикасын жетілдіреді. Асықты ұстау, көздеу, ату қимылдары ми қыртысының жұмысын белсендіреді.
3. Күш пен төзімділікті қалыптастыру:
    - *Ойындар:* «Арқан тартыс», «Түйілген орамал», «Көкпар» (балабақша форматында жұмсақ ойыншықпен).
    - *Маңызы:* Баланың ірі бұлшықеттеріне (арқа, аяқ, қол) күш түсіп, дененің жалпы төзімділігі артады.
4. Тепе-теңдік пен икемділікті дамыту:
    - *Ойындар:* «Аққұтан» (бір аяқпен тұру), «Торғайлар мен мысық».

- *Маңызы:* Вестибулярлық аппаратты дамытады, баланың кеңістікті бағдарлау қабілетін арттырады.

III. ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘЖІРИБЕ: ОЙЫНДАРДЫ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІНЕ ҚАРАЙ ЕНГІЗУ

Ұлттық ойындарды балабақшаның күн тәртібіне (таңертеңгілік гимнастика, сергіту сәттері, серуен, дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті) кіріктірудің өз ерекшеліктері бар.

1. Кіші және орта топтар (3-4 жас) – «Еліктеу және қарапайым қозғалыс»

Бұл жаста балалардың қимыл-қозғалысы әлі толық үйлесім таппаған. Сондықтан сюжетті, жануарлардың қимылына еліктейтін ойындар таңдалады.

- «Түйе мен бота» ойыны: Тәрбиеші – түйе, балалар – боталар. Тәрбиешінің соңынан еріп, әртүрлі қарқынмен жүреді, еңбектейді.
- «Асық жинау»: Еденге шашылған асықтарды жылдамдыққа түсіне қарай бөліп жинау. Бұл иілу, отырып-тұру қимылдарын жетілдіреді.

2. Ересек және даярлық топтар (5-6 жас) – «Ереже мен бәсекелестік»

Бұл жастағы балалар ойын ережесін жақсы түсінеді және топқа бөлініп жарысқанды ұнатады.

- «Орамал тастамақ» (Жаңартылған нұсқасы): Балалар шеңбер бойымен отырады. Жүргізуші орамалды бірінің артына тастайды. Орамалды алған бала тек жүгіріп қана қоймай, белгілі бір тапсырманы орындауы керек (мысалы, бір аяқпен секіру немесе санамақ айту).
- «Арқан тартыс» (Қауіпсіз нұсқасы): Балалардың қауіпсіздігі үшін дәстүрлі қатты арқанның орнына фетрден немесе жұмсақ матадан өрілген, қолды ауыртпайтын жұмсақ арқандар қолданылады. Бұл ойын топтық бірлікті нығайтады.

IV. ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ БӨЛІМІ (ТӘРБИЕШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ПРАКТИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР)

Баяндамашы ретінде мен өз іс-тәжірибемде ұлттық ойындарды заманауи трендтермен ұштастыра отырып, келесідей нәтижелі әдістерді енгіздім:

1. «Асық терапиясы» – денсаулықты сақтау технологиясы

Асықты тек ойын құралы емес, сауықтыру құралы ретінде қолдану қолға алынды:

- Табан массажы: Арнайы мата кілемшелердің бетіне асықтар тігіледі. Балалар ұйқыдан тұрғаннан кейін немесе дене шынықтыру сабағында бұл кілемшенің үстімен жалаң аяқ жүреді. Бұл жалпақтабандылықтың (плоскостопие) алдын алады және табандағы белсенді нүктелерді оятады.
- Саусақ гимнастикасы: Асықты қолдың алақанына салып айналдыру, саусақтардың арасымен ұстау арқылы баланың сөйлеу орталығына жауап беретін ми нүктелері ынталандырылады.

2. Сергіту сәттерінде «Қара жорға» элементтерін қолдану

Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасындағы сергіту сәттерінде «Қара жорға» биінің иық, буын қимылдарын жасату арқылы балалардың омыртқа жотасының дұрыс қалыптасуына (осанка) жағдай жасаймыз.

V. ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Ұлттық ойындар – баланың дене қимылын дамытып, денсаулығын нығайтып қана қоймай, оның бойындағы ұлттық кодты сақтап қалудың басты құралы. Ойын үстінде айтылатын санамақтар, өлең жолдары баланың сөздік қорын байытады.

Әріптестерге ұсыныс:

1. Балабақшаның дамытушы ортасында (топтарда) «Ұлттық ойындар бұрышын» заманауи, қауіпсіз және эстетикалық талғаммен безендіру;

2. Ата-аналармен бірлесе отырып, «Әкем, шешем және мен – спорттық отбасы» атты ұлттық ойындар эстафетасын жиі ұйымдастыру;
3. Ойын барысында балалардың психологиялық жайлылығы мен қауіпсіздігін бірінші орынға қою.

🍡 ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУҒА АРНАЛҒАН ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

(Баяндаманы оқып болған соң, қатысушы тәрбиешілермен кері байланыс жасауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар)

«Ой қозғау» сұрағы:

«Құрметті әріптестер, сіздер өз топтарыңызда балалардың белсенділігін арттыру үшін дәстүрлі емес қандай ұлттық ойын элементтерін қолданасыздар? Келіңіздер, ортаға салайық».

Практикалық тренинг: «Ойынды жаңарт»

Тәрбиешілер 3 топқа бөлінеді. Әр топқа бір ұлттық ойын беріледі (мысалы: *«Тақия тастамақ», «Бес асық», «Көкпар»*). Тәрбиешілер бұл ойынды балабақша ішінде, қауіпсіз әрі балаларға өте қызықты болатындай етіп жаңа ережемен түрлендіріп, іс жүзінде көрсетуі керек.

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-балабақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 5

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33

30 мамыр 2025

Қатысқаны – 10
Қатыспағаны– 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2024 – 2025 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейінің көрсеткіші.
3. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының маниторингі.
6. Баланың мектепке дайындығы тест қорытындысы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі І-мәселе бойынша бөбекжай директоры А. Е. Баянова сөйледі.

Құрметті әріптестер біз тағы бір оқу жылын аяқтап, 2024 – 2025 оқу жылының №5 қорытынды педагогикалық кеңесті өткізгелі отырмыз.

Жылдық жоспар бойынша педагогикалық кеңестер уақытылы өткізіліп отыр. Пед. кеңесте қаралған мәселелер талқыланып отыр.

Күн тәртібінде 2024 – 2025 оқу жылының қорытындысының есебін барлық педагогтер берді. Қағаз түрінде тапсырды. Жылдық қорытынды бойынша барлық педагог жоспарлы, жүйелі оқу-тәрбие жұмысын жүгізген. Оқу жылы жақсы жетістіктермен аяқталды. 90 пайыз педагогтер біліктілік арттыру курсынан өтті. 5 педагог санатқа өтті (модератор). 10 педагог басылымға материал жариялады жылына 2 рет. Күнделікті іс-әрекеттер жоспарлы өткізілді. Жыл бойы жоспарлы өтті. Осы оқу жылында бөбекжайда жетістіктер көп орын алды. Нәтижеге толы жыл болды.

Күн тәртібіндегі ІІ-мәселе бойынша мектеп алды тобы «Алтын сақа» тәрбиешісі Орысбаева Алтынтөре баяндады. «Балалардың шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейінің көрсеткіші» тақырыбында оқып бөлісті, пікір алмасты.

Күн тәртібіндегі ІІІ-мәселе бойынша топ тәрбиешілері қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі туралы айтып өтті. Әр тәрбиеші өз топтары бойынша жас ерекшеліктеріне қарай нәтижесін көрсетті.

Күн тәртібіндегі 4-мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А. Жақсылықова сөйледі. Әріптестер, топ тәрбиешілері біздің бөбекжай үшін оқу жылы сәтті аяқталып, жетістіктер жылы болды. Қорытынды есеп тыңдалды. Енді жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітілді. Өздеріңе береміз. Оқып, танысып жоспар бойынша нақты да жүйелі жұмыс жасаймыз. Жаз мезгілінде бала азаяды. Себебі жазғы демалыс алады. 2 топ жұмыс жасайды. Балаларды қызықтыра отырып, әр түрлі тақырыпта жаздық шара жоспарлы өтуі керек.

Күн тәртібіндегі 5-мәселе бойынша топ тәрбиешілері екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының маниторингін орындап тапсырды. Әдіскер қорытынды маниторинг шығарып ауданға жіберді. Маниторинг бойынша тәрбиеленушілердің даму деңгейі жақсы.

Күн тәртібіндегі 6-мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А. Жақсылықова мектеп алды даярлық тобы тәрбиеленушілеріне тест жүргізді. Тақырыбы «Баланың мектепке дайындығы». Тестке 25 тәрбиеленуші қатысты нәтижесінде қорытынды өте жақсы шықты. Биылғы оқу жылында да бөбекжайдан танымы қалыптасқан, білімді, алғыр, әнші, биші бүлдіршіндерді шығарып салдық.

ШЕШІМ:

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. 2024 – 2025 оқу жылы жоғарғы деңгейде нәтижемен қорытындыланды.
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспарлы, жүйелі өткізілсін.
3. Оқу-тәрбие үрдісінде ұйымдастырылған барлық шаралар желіге уақытылы жүктелсін. Әдіскер орындалысын қадағалап отырсын.

Пед кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы: А. Жақсылықова

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы
әдіскері А. А. Жаксылыкова

Баяндама тақырыбы:

«Балалардың шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейінің көрсеткіші»

Тәрбиеші: Орысбаева Алтынтөре

Мамыр айы 2025 жыл

«Балалардың шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейінің көрсеткіші»

Мақсаты:
Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын қарастыру, олардың даму деңгейін анықтайтын көрсеткіштермен таныстыру және педагогтердің жұмысындағы маңызын түсіндіру.

Кіріспе
Қайырлы күн, құрметті әріптестер!

Қазіргі таңда мектепке дейінгі тәрбиенің басты міндеттерінің бірі – баланың жеке тұлғалық қасиеттерін жан-жақты дамыту. Соның ішінде шығармашылық қабілеттерді қалыптастыру ерекше орын алады. Шығармашылық – баланың қоршаған ортаны таным-білуінің, өз ойын еркін жеткізуінің және қиялының дамуының негізгі көрсеткіші.
Мектепке дейінгі кезең – шығармашылық қабілеттердің қарқынды дамитын уақыты. Сондықтан бөбекжайда әр баланың қызығушылығын, қабілетін байқап, оны әрі қарай дамытуға қолайлы жағдай жасау маңызды.

Негізгі бөлім
Балалардың шығармашылық қабілеті дегеніміз не?
Шығармашылық қабілет – баланың жаңа идеялар ойлап табуы, өз ойын ерекше жеткізуі, мәселені шешудің тың жолдарын ұсынуы, қиялдай білуі және дербес әрекет етуі.
Балалар шығармашылығы түрлі қызмет түрлері арқылы көрінеді:

- сурет салу;
- мүсіндеу;
- жапсыру;
- құрастыру;
- ән айту;
- би билеу;
- ертегі құрастыру;
- рөлдік ойындар ұйымдастыру;
- театрландырылған әрекеттер.

Осындай жұмыстар барысында бала өз мүмкіндіктерін танытып, шығармашылық белсенділігі артады.

Шығармашылық қабілеттердің даму деңгейінің көрсеткіштері
Балалардың шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейін келесі көрсеткіштер арқылы анықтауға болады:
1. Қиялының дамуы
Баланың жаңа бейнелер мен оқиғаларды ойлап табуы, заттарды өзгеше елестетуі, ертегі құрастыра алуы шығармашылық қиялының дамығанын көрсетеді.
2. Танымдық белсенділігі
Баланың сұрақ қоюы, жаңалыққа қызығушылық танытуы, тәжірибе жасауға ұмтылуы оның шығармашылық ізденісінің көрсеткіші болып табылады.
3. Дербестігі
Баланың тапсырманы өз бетінше орындауы, өз таңдауын жасауы, бастамашылдық көрсетуі шығармашылық дамудың маңызды белгісі саналады.
4. Ойын әрекетіндегі белсенділігі

Шығармашылық қабілеті дамыған балалар ойын кезінде жаңа сюжеттер құрастырып, түрлі рөлдерді ойлап табады және ойын мазмұнын байытады.

5. Эмоциялық әсерленуі

Өнер туындыларына, музыкаға, табиғатқа қызығушылық танытуы және алған әсерін жеткізе білуі шығармашылық қабілеттің дамуына ықпал етеді.

6. Өз ойын еркін жеткізуі

Баланың әңгімелеуі, пікір айтуы, өз жұмысы туралы түсіндіре білуі оның шығармашылық әлеуетінің көрсеткіші болып табылады.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту жолдары

Бөбекжай жағдайында шығармашылықты дамыту үшін төмендегі жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуі қажет:

- дамытушы орта құру;
- еркін ойындарға мүмкіндік беру;
- көркем әдебиетпен таныстыру;
- театрландырылған ойындарды ұйымдастыру;
- бейнелеу өнері әрекеттерін жүйелі өткізу;
- музыкалық іс-шараларға қатыстыру;
- тәжірибелік және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- балалардың бастамаларын қолдау және мадақтау.

Педагог баланың әрбір жетістігін байқап, оны қолдап отырса, шығармашылық белсенділік те арта түседі.

Педагогтің рөлі

Баланың шығармашылық қабілетін дамытуда педагогтің рөлі ерекше. Тәрбиеші баланың қызығушылығын оятып, еркін ойлауына жағдай жасауы қажет. Баланың әртүрлі идеяларын қабылдап, оны қолдау арқылы шығармашылыққа деген сенімін қалыптастырады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, шығармашылық қабілет – баланың жан-жақты дамуының маңызды көрсеткіші. Бөбекжайда ұйымдастырылған жүйелі жұмыс арқылы балалардың қиялы, ойлау қабілеті, дербестігі және танымдық белсенділігі дамиды. Сондықтан әр педагог тәрбиеленушілердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға бағытталған тиімді әдістерді пайдаланып, олардың жеке қабілеттерін дамытуға жағдай жасауы тиіс.

Ұсыныс

1. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған іс-шаралардың санын арттыру.
2. Әр баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, шығармашылық тапсырмалар беру.
3. Ата-аналарды шығармашылық жұмыстарға белсенді тарту.
4. Топтарда шығармашылық дамытушы ортаны үнемі толықтырып отыру.

Шешім

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылып, тәрбиеленушілердің шығармашылық белсенділігін арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдер тұрақты қолданылсын.

Д.К Ж.ҚОСУАҚОВА
«КҮНШУАҚ» ЖЕКЕМЕНШІК
БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»

ИП Ж.ҚОСУАҚОВА
ЧАСТНЫЙ ЯСЛИ-САД
«КУНШУАК»

БҰЙРЫҚ
22.08.2025 № 23.
Таушық ауылы

ПРИКАЗ
_____ №_____
село Таушык

Педагогикалық кеңес құру және оның құрамын бекіту туралы

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 20008 жылғы 16 мамырдағы №272 бұйрығына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған «Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасының Педагогикалық кеңесі келесі құрамда құрылсын және бекітілсін:
   Төрайымы: А.Е. Баянова – директор;
   Хатшысы: А. Жаксылыкова – әдіскер;
   Мүшелері: Г. Жамишова, А. Орысбаева, А. Әміреева, Ж. Байбақова, М. Утеуова, К. Ходжа-Ахметова, Б. Сатыбалдиева, И. Ыбраева, Г. Аманжолова.
2. Педагогикалық кеңестің хатшысы лауазымына А. Жаксылыкова тағайындалсын және оған кеңес отырыстарының хаттамаларын уақытылы рәсімдеу, құжаттар жинағын реттеу міндеттелсін.
3. Педагогикалық кеңестің қызметі келесі бағыттарға негізделсін:
   - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасының орындалуын бақылау;
   - Балабақшадағы экологиялық мәдениет пен «Жасыл балабақша» жобасының іс-шараларын жүзеге асыру;
   - Балалардың тәрбиесіне ұлттық құндылықтар мен ұлттық ойындарды интеграциялау.
4. Педагогикалық кеңес отырыстары екі айда бір реттен кем емес жиілікпен, бекітілген кестеге сай өткізілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз міндетіме аламын.

Директор **А.Баянова**

М.О

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 1

Таушық ауылы
29 тамыз 2025
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 10
Қатыспағаны– 0

Күн тәртібінде
Тақырыбы: «Білім келешегі»

1. 2025 – 2026 оқу жылының жылдық жоспарын талқылау, бекіту.
   -перспектива, циклограмма бекіту.
2. 2024 жыл 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мамұнымен таныстыру.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қортынды есебін таныстыру.
4. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығын салыстырмалы тексеру қорытындысы.
5. Тренинг.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі І-мәселе бойынша бөбекжай директоры А. Е. Баянова сөйледі.

Құрметті әріптестер 2025-2026 жаңа оқу жылын бастағалы отырмыз. Жаңа оқу жылына сәттіліктер тілейміз.

Сөйлеу әдіскер: А. Жаксылыкова. Алдымен 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарымызға тоқталайық. Жылдық жоспардың құрылымы, негізгі мақсаттары мен міндеттерін таныстырды. Оқу-тәрбие жұмысының циклограмма мен перспективалық жоспары талқыланды. Педагогтер тарапынан ұсыныстар айтылып, жоспар бөлімдерін нақтылау қажеттігі айтылды.

Күн тәртібіндегі ІІ-мәселе бойынша директор А. Баянова.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны мен тақырыбында айтты. 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрық негізінде енгізілген жаңартуларды түсіндірді. Бағдарламаның негізгі принциптері, құндылық бағыттары, тәрбие жұмысына қойылатын талаптар мен қолдану әдістері қарастырылды. Педагогтер бағдарлама мазмұны оқу жылы бойына жүйелі қолдану бойынша пікір алмасты.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытынды есебі бойынша әдіскер А. Жаксылыкова сөйледі. Жазғы маусымдағы іс-шаралардың ұйымдастырылуы, балалардың қатысу деңгейі, тазалық пен денсаулыққа бағытталған жұмыстардың орындалуы айтылды. Сауықтыру жұмыстарының нәтижелері, тиімділігі, алдағы уақытта жасалатын жұмыс бағыттары да айтылды.

Сұрақ болған жоқ.

Төртінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Т. Сукарова сөйледі. Бөбекжай топтарында жаңа оқу жылына жабдықталуы, дайындығы жақсы. Тексеру комиссиясы жүргізген сараптама нәтижесінде топтардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі, көрнекіліктер, қажетті құралдардың толық болуы талқыланды.

Тренинг. Бөбекжай психологы Г. Жамишова педагогтерге психологиялық қолдау көрсету оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыру бағытында ынтымақтастықты арттыру мақсатында тренинг ұйымдастырып өткізді. Барлық педагог тәрбиешілер ұйымшылдықпен қатысып, бірлескен тапсырмалар орындап, кәсіби қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған жаттығуларды қызыға орындады.

Шешім

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. 2025 – 2026 оқу жылының жылдық жоспары, перспективалық жоспар, циклограмма педагогикалық кеңес тарапынан талқыланып бекітілсін.
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны оқу-тәрбие үрдісінде барлық бағыттар бойынша жүйелі қолданылсын.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының есебі қанағаттандырарлық деп танылды.
4. Келесі оқу жылына толықтырулар енгізілсін.

Үед кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы: А. Жақсылықова

ТРЕНИНГ: «Психологиялық жайлылық және сергу сағаты»
Бөбекжай психологы: Жамишова Гүлжихан

Мақсаты: Педагогтардың эмоционалдық күйзелісін және шаршауын басу, тәрбиешілер ұжымындағы ауызбіршілікті, сенімділікті арттыру, позитивтік ойлауды дамыту.

🕒 1-кезең: Бой сергіту және танысу (5 минут)

Жаттығу: «Көңіл-күйімнің түсі қандай?»

- Мақсаты: Педагогтардың тренинг алдындағы ішкі эмоционалдық күйін анықтау және еркін атмосфера орнату.
- Барысы: Психолог тәрбиешілерге шеңбер бойымен тұруды ұсынады. Әр тәрбиеші кезекпен: «Менің қазіргі көңіл-күйім қызғылт сары түс сияқты, өйткені мен бүгін қуаныштымын...» немесе «Меңің көңіл-күйім сұр түс сияқты, өйткені мен сәл шаршап тұрмын...» деп өз күйін бір түспен сипаттайды.
- Психологтың сөзі: «Құрметті әріптестер, бүгін біз жұмысты, балаларды, есептерді бір сәтке ұмытып, тек өзімізге уақыт бөлеміз. Бүгінгі түсіміз қандай болса да, тренинг соңында ол ашық әрі жарқын түске ауысады деп сенемін».

🎯 2-кезең: Негізгі бөлім – Психологиялық релаксация (15 минут)

1-жаттығу: «Сенім соқпағы» (Топты біріктіру)

- Мақсаты: Ұжым ішіндегі өзара сенімділікті арттыру, жауапкершілікті сезіну.
- Барысы: Тәрбиешілер екі-екіден жұптасады. Серіктестердің бірі көзін жұмады (немесе матамен байлайды) — ол «жолаушы». Екінші тәрбиеші — «жолбасшы». Жолбасшы көзі жұмулы әріптесінің қолынан ұстап, бөлме ішіндегі түрлі кедергілерден (орындықтар, үстелдер) ақырын сөйлесе отырып, қауіпсіз өткізіп шығуы тиіс. Содан кейін орын алмасады.
- Талқылау: Көзіңіз жұмулы болғанда қандай сезімде болдыңыз? Әріптесіңізге сене алдыңыз ба?

2-жаттығу: «Қағаз парағы» (Күйзелісті, негативті сыртқа шығару)

- Мақсаты: Іште жиналған реніштті, шаршауды, агрессияны қауіпсіз жолмен жою.
- Барысы: Психолог әр тәрбиешіге бір-бір ақ қағаз таратады. Нақты нұсқау береді: «Енді осы қағазға іштеріңіздегі барлық шаршауды, мазасыздықты, реніштті, жиналып қалған стрессті елестетіңіздер. Оны бар күштеріңізбен умаждаңыздар, жыртыңыздар, таптаңыздар». Тәрбиешілер қағазды умаждап болған соң, психолог ортаға қоқыс жәшігін қойып: «Енді осы мазасыздықтың бәрін қоқысқа лақтырып, өзімізді жеңіл сезінейік» дейді.

- Тиімділігі: Бұл — арт-терапияның ең жылдам әрі нәтижелі әдісі. Тәрбиеші дене қимылы (уқалау, жырту) арқылы бойындағы негативті энергетиканы шығарады.

🛠 3-кезең: Рефлексия және өзін-өзі бағалау (7 минут)

Жаттығу: «Күн шуағы» (Позитивті терапия)

- Мақсаты: Тәрбиешілердің өзіне деген сенімділігін арттыру, өздерінің жақсы қасиеттерін еске түсіру.
- Барысы: Әр тәрбиешіге күннің суреті салынған қағаз беріледі. Күннің ортасына тәрбиеші өз есімін жазады. Ал күннің әрбір шашыраған шуағына (лучи) өзінің ең жақсы, мықты қасиетін жазуы керек (мысалы: меирімдімін, сабырлымын, әдемімін, жауаптымын, креативтімін т.б.).
- Психологтың сөзі: «Қараңыздаршы, сіздердің әрқайсысыңыз — айналаға жылу шашатын күнсіздер. Осы қасиеттеріңізді ешқашан ұмытпаңыздар».

🕯 4-кезең: Қорытынды (3 минут)

Жаттығу: «Жүректен жүрекке»

- Барысы: Тәрбиешілер қайтадан шеңберге тұрады. Психолог қолдарына жұмсақ ойыншық жүрекшені (немесе шарды) ұстайды. Ойыншықты қасындағы әріптесіне бере отырып: «Мен сізге бүгін тек күлкі тілеймін», келесісі: «Мен сізге сабырлық тілеймін» деп, бір-біріне психологиялық қолдау сөздерін айтады.

Құрметті тәрбиешілер!

Балардың бақытты болуы — тікелей сіздердің көңіл-күйлеріңізге байланысты. Егер сіздер күлімдеп, бақытты болып жүрсеңіздер, топтағы балалар да өзін жайлы сезінеді. Алдымен өзіңізді жақсы көріңіздер, өзіңізге күтім жасаңыздар. Бүгінгі тренингке қатысқандарыңыз үшін рақмет!

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 2

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 10
Қатыспағаны– 0

20 қараша 2025

Күн тәртібінде

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Баяндама «Отбасы тәрбиенің алтын бесігі»
3. Күн тәртібіндегі серуен орындалысын талдау.
4. Педагогтардың шығармашылық жұмыстарынан көрме.
5. Тренинг.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі І-мәселе бойынша бөбекжай директоры, әдіскері өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Ақпарлама нәтижесінде жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылған іс-шаралардың уақытында және жүйелі түрде жүргізіліп отырғаны, педагогтердің жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындағаны атап өтілді. Сонымен бірге құжаттарды жүргізу, оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы және бақылау нәтижелері талданып, алдағы уақытта атқарылған жұмыстарға ұсыныстар берілді.

Баяндама «Отбасы тәрбиенің алтын бесігі» тыңдалды. Педагог К. Ходжа-Ахметова «Отбасы тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, отбасындағы тәрбиенің баланың тұлғалық дамуына тигізетін ықпалына тоқталып өтті. Баяндамада ата-ананың жауапкершілігі, ұлттық құндылықтары, отбасындағы тәрбиенің, баланың тұлғалық дамуына тигізетін ықпалына тоқталды. Отбасындағы қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі рөлі жан-жақты түсіндірілді. Сондай-ақ бөбекжай мен отбасы арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастықты нығайтудың өте маңызды екені айтып өтілді.

Күн тәртібінде 3-мәселе серуен орындалысын талдау. Тыңдалды. Топ тәрбиешілері тарапынан күн тәртібіндегі серуен жұмыстарын ұйымдастыру барысы жайында мәлімет берілді. Серуен кезінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойындар, қозғалыс белсенділігі дұрыс ұйымдастырылғаны және де қауіпсіздік талаптарының сақталғаны туралы

айтылды. Серуен кезінде балалардың денсаулығын нығайту, қоршаған ортамен таныстырудағы тиімділігі жөнінде айтылды.

Педагогтер, тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарынан ұйымдастырылған көрме таныстырылып, әрбір педагогтың шығармашылық ізденісі, әдістемелік белсенділігі атап өтілді. Көрме материалдары оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдануға болатыны, педагог тәрбиешілерге тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретіні айтылды.

Тренинг. Бөбекжайдың педагог-психологы Г. Жамишова педагог тәрбиешілерге арналған тренинг жаттығу ұйымдастырып өткізді. Тренинг өткізу барысында ұжым ішіндегі өзара қарым-қатынасты нығайтуға, кәсіби ынтымақтастықты арттыруға, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталған жаттығулар ұйымдастырды. Бөбекжай педагог тәрбиешілері тренингке белсенді қатысып, пікір алмасып, жағымды кереметтей әсер алды.

Шешім

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. Өткен педкеңестегі қабылданған шешімдердің орындалысы қанағаттандырарлық деп танылсын.
2. «Отбасы тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында баяндама назарға алынсын. Бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту жолға қойылсын.
3. Серуен барысында балалардың қауіпсіздігін қатаң сақтау тәрбиешілерге міндеттелсін.
4. Педагогтердің шығармашылық жұмыстарынан ұйымдастырылған көрме оң бағалансын.
5. Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды сақтау және кәсіби қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған тренингтерді алдағы уақыттада ұйымдастыру әдіскерге, психологқа жүктелсін.

Пед кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы: А. Жақсылықова

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы
әдіскері А. А. Жаксылыкова

Баяндама тақырыбы:
«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»

Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова Камшат

Қараша айы 2025 жыл

«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»

Баяндаманың мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы баланың тұлғалық және адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы отбасы тәрбиесінің рөлін айқындау; бөбекжай мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

I. КІРІСПЕ: Отбасы – тұлға қалыптасуының бастауы

Қадірлі әріптестер және ата-аналар!

«Отан — отбасынан басталады» дейді халқымыз. Адам баласының көзін ашып, дүниені танитын, алғашқы тәрбие нәрін алатын қасиетті мекені — ол отбасы. Баланың өмірге келген сәтінен бастап бойында пайда болатын алғашқы мінез-құлық дағдылары, адамгершілік қасиеттері, тіпті дүниетанымы да тікелей ата-ананың үлгі-өнегесімен қалыптасады.

Мектепке дейінгі жастағы бала — дәл бір аппақ қағаз сияқты. Сол қағазға алғашқы өмірлік суретті салатын да, оның мазмұнын айқындайтын да — отбасы құндылықтары. Сондықтан бөбекжайдағы тәрбие мен отбасындағы тәрбие егіз ұғым секілді бір-бірімен тығыз байланыста дамығанда ғана, біз толыққанды, саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ: Отбасы тәрбиесінің негізгі діңгектері

Мектепке дейінгі кезеңде баланың жан-жақты дамуына ата-ананың ықпалы бірнеше бағытта көрініс табады:

1. Ата-ананың жеке үлгісі (Өнеге мектебі)

Бала — естігенін емес, көргенін істейді. Әке мен ананың өзара сыйластығы, үлкендерге деген құрметі, сөйлеу мәдениеті баланың ішкі әлемінде автоматты түрде көшіріледі (модельденеді). Егер отбасында жылылық, түсіністік пен мейірімділік орнаса, бала да айналасына мейіріммен қарайтын, өзіне сенімді тұлға болып өседі.

2. Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүр (Рухани тәрбие)

Дана халқымыз баланы бесіктен бастап тәрбиелеген. Салт-дәстүр арқылы берілетін тәрбиенің орны бөлек:

- **Ана тілі мен ертегілер:** Отбасында ана тілінде сөйлеу, ұйықтар алдында ертегі айту — баланың қиялын дамытып, сөздік қорын байытады, жақсы мен жаманды айыруға үйретеді.
- **Еңбек тәрбиесі:** Баланың жас ерекшелігіне қарай үй шаруасына көмектесуі (ойыншықтарын жинау, гүлге су құю) оны жауапкершілікке, еңбекқорлыққа баулиды.

3. Баланың эмоционалдық саулығы

Қазіргі таңдағы өзекті мәселе — ата-аналардың жұмысбастылығы мен баланың гаджеттерге (телефонға) тәуелділігі. Балаға ең бірінші керегі — қымбат ойыншық емес, ата-ананың **сапалы уақыты** (бірге ойнау, әңгімелесу, серуендеу). Отбасындағы психологиялық қолдау баланы болашақтағы күйзелістерден қорғайды.

III. БӨБЕКЖАЙ МЕН ОТБАСЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Бөбекжай тәрбиешісі ретінде менің басты мақсатым — ата-ананы балабақшаның «бақылаушысы» емес, тәрбие үрдісінің **белсенді**

қатысушысы әрі серіктесі ету. Осы бағытта біздің бөбекжайда келесідей жүйелі жұмыстар жүргізіледі:

- **«Үштік одақ» (Тәрбиеші — Бала — Ата-ана):** Баланың даму картасы, оның жетістіктері мен психологиялық ерекшеліктері ата-анамен бірлесе талқыланады.
- **Бірлескен іс-шаралар:** «Әкем, шешем және мен», «Шебер қолдар» көрмелері, ата-аналардың қатысуымен өтетін этно-жобалар отбасы мен балабақша арасындағы алтын көпір іспетті.
- **Консультациялық көмек:** Ата-аналарға баланың жас дағдарыстары (кризистері), қорқыныштары мен мінез-құлық ерекшеліктері бойынша тәрбиешілік және психологиялық кеңестер беріліп тұрады.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасы — бала үшін ең алғашқы әлеуметтік орта, мемлекеттің кішігірім бейнесі. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, бүгін біз отбасымен бірлесіп баланың бойына қандай ізгілік нәрін ексек, ертең соның жемісін көреміз. Балабақша мен алтын бесік — отбасының тәрбиелік мақсаттары бір арнаға тоғысқанда ғана ұрпағымыз салауатты, саналы, ұлтжанды болып өспек. Әрбір шаңырақтың бесігі бақытқа, мейірімге кенелсін!

Назар аударып тыңдағандарыңызға рақмет!

ӘРІПТЕСТЕРМЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ (ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ)

Баяндамадан кейін тәрбиешілермен кері байланыс жасау және тәжірибе бөлісу құралдары:

«Ата-анамен жұмыстың тиімді әдістері» (Кейс-стади)

Тәрбиешілерге ата-аналармен байланыс орнатуда кездесетін қиындықтарды шешуге арналған ситуациялық сұрақтар ұсынылады:

Жағдаят: «Анасы баланы балабақшаға әкелгенде үнемі қолына телефон ұстатып қояды, бала топқа кіргісі келмей жылайды. Анасы: "Менің уақытым жоқ, тыныштандырудың жалғыз жолы осы" дейді. Тәрбиеші ретінде ата-анаға отбасылық тәрбие мен телефонның зияны туралы қалай дұрыс түсіндіресіз?»

Тәрбиешілердің бірлескен шешімі: Ата-анаға ұрыспай, оның орнына «Жолдағы 5 минут» ережесін ұсыну. Телефонның орнына анасы баламен жолда келе жатып санамақ айту, қоршаған ортаны (ағаштарды, машиналарды) санау арқылы баланы қызықтыру әдісін үйрету.

ТРЕНИНГ: «Бірлік бар жерде — береке бар»
Бөбекжай психологы: Жамишова Гүлжихан

Мақсаты: Бөбекжай педагогтері арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту, кәсіби ынтымақтастықты арттыру және ұжымда жағымды, қолдаушы психологиялық ахуал қалыптастыру.

🕒 1-кезең: Танысу және Жағымды ахуал қалыптастыру (7 минут)

Жаттығу: «Жылы лебізді комплимент»

- **Мақсаты:** Ұжым мүшелерінің арасындағы тосқауылдарды жою, жағымды эмоционалды климат құру.
- **Барысы:** Барлық тәрбиешілер шеңбер құрып отырады. Психолог қатысушыларға кезекпен көршісінің тек кәсіби емес, жеке адами қасиеттеріне тоқталып, шынайы комплимент айтуды ұсынады. Мысалы: «Анара, сіздің ұстамдылығыңыз бен кез келген жағдайда сабыр сақтай алатыныңыз маған өте ұнайды» немесе «күлкіңіз топқа әрдайым жылулық әкеледі».
- **Психологтың сөзі:** «Құрметті әріптестер! Біздің күнделікті жұмысымыздың сапасы осы шеңбердегі жылылықтан басталады. Бір-біріміздің жақсы қасиеттерімізді көре білу — мықты ұжымның белгісі».

🎯 2-кезең: Кәсіби ынтымақтастықты арттыру (18 минут)

Жаттығу: «Ортақ үй тұрғызу» (Топтық ынтымақтастық)

- **Мақсаты:** Оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруда бірлесе әрекет етуді, бірін-бірі сөзсіз түсінуді дамыту.
- **Барысы:** Тәрбиешілер бірнеше шағын топқа бөлінеді. Әр топқа бірдей материалдар жиынтығы беріледі: түрлі-түсті қағаздар, желім, қайшы, мата қиындылары, жіптер. Тапсырма — 10 минут ішінде бірлесіп «Болашақтың тамаша бөбекжайын» құрастыру (макетін жасау).
- **Маңызды шарт:** Ойын барысында қатысушыларға мүлдем **сөйлесуге болмайды**. Олар тек ым-ишарамен, көзқараспен түсінісіп, жұмысты өзара бөлісуі тиіс.
- **Психологиялық талқылау:**
  - Сөйлеспей жұмыс істеу қиын болды ма?
  - Топ ішінде өз рөлдеріңізді (кім қиды, кім желімдеді) қалай анықтадыңыздар?
  - Қорытынды: Бұл жаттығу жұмыстағы сөзсіз түсіністік пен ұйымшылдықтың маңыздылығын көрсетеді.

🛠 3-кезең: Өзара қарым-қатынасты нығайту (10 минут)

Жаттығу: «Қолдау белгісі» (Эмоционалдық серпіліс)

- **Мақсаты:** Педагогтердің бір-біріне деген сенімін арттыру, психологиялық қолдау көрсету.

- **Барысы:** Әр тәрбиешінің арқасына (киіміне) бір ақ қағаз қыстырылады. Қатысушылар бөлме ішінде маркермен еркін жүріп, әріптестерінің арқасындағы қағазға олар туралы тек жақсы пікірлерін, алғыстарын немесе тілектерін жазады (мысалы: «Сізбен жұмыс істеген маған ұнайды», «Көмегіңіз үшін рақмет», «Үнемі қолдайтыныңызға рақмет»). Жазып болған соң қағаздар алынып, әркім өзіне жазылған жылы сөздерді оқиды.
- **Тиімділігі:** Бұл жаттығу педагогтың өзіне деген сенімділігін оятып, ұжым ішінде өзінің қаншалықты маңызды орында екенін сезіндіреді, ішкі реніштерді жояды.

§ 4-кезең: Рефлексия және Қорытынды (5 минут)

Жаттығу: «Ынтымақтастық шеңбері»

- **Барысы:** Тәрбиешілер қол ұстасып, шеңберге тұрады. Психолог тренингті қорытындылайды.

Құрметті ұстаздар, бүгінгі тренингте сіздер тек әріптес қана емес, бір-біріне тірек бола алатын үлкен бір отбасы екендіктеріңізді дәлелдедіңіздер. Бөбекжайдағы жағымды психологиялық ахуал — балалардың дамуы мен сіздердің шығармашылық табыстарыңыздың негізі. Қолдарыңыздың жылуы, жүректеріңіздің мейірімі ешқашан сөнбесін. Бірлігіміз бекем болсын! Қатысқандарыңыз үшін рақмет!

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 3

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 11
Қатыспағаны– 1

29 қаңтар 2026

Күн тәртібінде

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған қызметтерінің орындалысы.
3. Ойын жаттығулар.
4. Экологиялық мәдениет.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі І-мәселе бойынша өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы әдіскер А. Жақсылықова емеп берді. Есеп барысында педагогтерге қойылған міндеттердің уақытылы орындалғаны атап өтілді.

Атап айтқанда:

- оқу іс-әрекеттерін жоспарлау талапқа сай жүргізілген.
- балалардың танымдық, сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған.
- ата-аналармен байланыс жұмыстары күшейтілген.
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ашық оқу іс-әрекеттері өткізілген.

Жалпы алғанда өткен пед кеңес шешімдерінің басым бөлігі орындалғаны анықталды. Қорытындылай келе өткен педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттанарлық деңгейде орындалды.

2-мәселе бойынша тыңдалды.

Әдіскер А. Жақсылықова бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің орындалуына талдау жасады.

Талдау нәтижесінде:

- барлық жас топтарында оқу іс-әрекеттері жылдық жоспар бойынша жүргізілгені.
- балалардың жас ерекшеліктеріне сай әдіс-тәсілдер қолданғаны.
- сөйлеуді дамыту, математика негіздері, шығармашылық және дене шынықтыру бағыттары бойынша оң нәтижелер байқалғаны айтылды.

Сонымен қатар кейбір топтарда көрнекіліктерді тиімді пайдалану және ойын технологияларын көбейту қажеттігі ұсынылды.

3-мәселе бойынша тыңдалды.

Тәрбиеші Ходжа Ахметова Камшат ойын жаттығуларының бала дамуына әсері туралы баяндама жасады. Ойын жаттығулары барысында:

- балалардың ойлау қабілеті
- зейіні мен есте сақтау қабілеті
- қарым-қатынас дағдылары
- қимыл белсендігі дамитыны атап өтілді.

Тәрбиешілер тәжірибесінде дидактикалық қимылды және рөлдік ойындардың тиімді қолданылып жатқаны жайында толығымен айтылды.

4-мәселе бойынша тыңдалды.

К. Б. Сатыбалдиева балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары туралы баяндады. Балабақшада:

- табиғатты қорғау туралы әңгімелер
- бақылау жұмыстары
- табиғат бұрышындағы еңбек
- экологиялық акциялар мен серуендер ұйымдастырылғаны айтылды.

Балаларды табиғатқа жанашырлықпен қарау, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау дағдыларының қалыптасып келе жатқаны байқалды.

Педагогикалық кеңестің шешімі

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдердің орындалысы қанағаттандырарлық деп есептелсін.
2. Бөбекжай топтарындағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің сапасын арттыру жалғастырылсын.
3. Ойын технологиялары мен ойын жаттығулары оқу қызметтерінде тұрақты қолданылсын.
4. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.
5. Педагогтер тәжірибе алмасу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізсін.

Пед кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы: А. Жақсылықова

БАЯНДАМА

«Ойын арқылы бала дамуының әсері»

Тәрбиеші:Ходжа-Ахметова К

Таушық ауылы, 2026 жыл

Тақырыбы: «Ойын арқылы бала дамуының әсері»

Кіріспе:

Балабақша – бұл баланың негізі қаланатын, мінез-құлық, ойлау, қарым-қатынас дағдылары қалыптасатын аса жауапты кезең. Осы кезеңдегі басты жетекші іс-әрекет — ойын. Ойын арқылы бала айналасындағы әлемді танып, өзінің мүмкіндіктерін байқап, сезімін білдіреді, үлкендер өмірін үлгі ретінде қабылдап, оны өз тәжірибесінде қайталай бастайды.
Ойын – жай ғана көңіл көтеру емес, ол баланың ақыл-ойын, тілін, эмоциясын, қимыл-қозғалысын, әлеуметтік мінез-құлқын дамытатын табиғи тәрбие құралы. Сондықтан балабақшада ойын әрекетін мақсатты ұйымдастыру — педагог жұмысының маңызды бағыты.

Негізгі бөлім:

Ойын баланың ішкі белсенділігін оятады.Ол өз қызығушылығы негізінде әрекет етеді, қателесіп көріп, қайта түзетеді, шешім іздейді.Осы үдерісте бала ойлануды, салыстыруды, себеп-салдарды түсінуді үйренеді.Ойындық жағдаяттар баланың қиялын, елестету қабілетін дамытады, жаңа рөлге еніп, өзіне таныс емес мінез үлгілерін байқап көруге мүмкіндік береді.Мұндай тәжірибе кейінгі өмірде түрлі жағдайға бейімделуді жеңілдетеді.
Баланың тілі де ойын барысында қалыптасады: ол келіседі, сұрақ қояды, жауап береді, оқиғаны баяндайды.Осылайша сөздік қоры молайып, сөйлеу мәнері анықталады.

Ойын – баланың басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренетін кеңістігі. Бірге ойнау кезінде балалар келісуді, кезек күтуді, ережені сақтауды, бір-бірінің пікірін ескеруді меңгереді. Ұжымдық ойындарда өзара көмек, жанашырлық, жауапкершілік сияқты қасиеттер біртіндеп қалыптасады. Бала ренішін білдірудің, қуанғанын бөлісудің қабылданған тәсілдерін үйренеді, эмоциясын басқара бастайды.
Ойын кейде баланың ішкі уайымын, қорқынышын жеңілдететін қауіпсіз арнаға айналады.

Ойындық әрекет зерттеу қызметімен тығыз байланысты. Бала заттардың қасиетін байқап көреді, сұрақ қояды, бақылау жүргізеді. Осылайша танымдық қызығушылығы артады, жаңа білімге ұмтылысы күшейеді.
Шығармашылық ойындарда бала еркін қиялдап, бейнелер ойлап табады, оқиға құрастырады. Бұл қабілеттер кейін оқу іс-әрекетінде, жазуда, сурет салуда және басқа да салаларда жемісін береді.
Ойын өзінен-өзі пайдалы бола салмайды — оны педагог сауатты ұйымдастырғанда ғана тәрбие құралына айналады.
Тәрбиеші ойынды мақсатқа бағыттап жоспарлайды, мазмұнын балалардың жас ерекшелігі мен мүмкіндігіне сай таңдайды, ойынды байытып, жаңа рөлдер енгізеді, дау-жанжал туындаса, мәдени жолмен шешуге бағыттайды.

Сонымен бірге ол балалардың бастамасын қолдап, шамадан тыс бақылауға жол бермей, еркіндік пен тәртіптің тепе-теңдігін сақтайды. Осылайша ойын — тәрбиеші мен бала арасындағы серіктестікке негізделген әрекетке айналады.

1. Ойынның балалардың дамуына әсері.

Ойын барысында бала әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Логикалық ойлау қабілетін дамытады. Түрлі ойындар арқылы оларды талдайды, шешімін табады. Бұл баланың ақыл ойының дамуына ықпал етеді.Ойлау қабілеттері мен есте сақтау қабілеттері жетіледі.

2. Әлеуметтік және эмоционалдық дамуға әсері.

Ойын кезінде бала өзіне әртүрлі рөлдер таңдайды.Бірлесіп ойнай отырып, басқа балалармен қарым-қатынас орнатады.Осылайша, ынтымақтастық, ,өзара түсіністік, достық сияқты құндылықтарды үйренеді.Олар эмоцияларын бақылап, өз сезімдерін білдіру керектігін түсінеді. Бұл ойындар арқылы бала өзін және басқа адамдарды түсінуге ,адамгершілікті, құрметтеуді үйренеді.

3.Физикалық даму әсері

Кейбір ойындар баланың физикалық дамуына ерекше әсер етеді. Қозғалмалы, қимылды ойындар бала денесінің деңгейін арттырады.Бұл баланың денсаулығына оң әсер етеді.Сондай-ақ, физикалық белсенділігін қалыптастырады.

4.Шығармашылық қабілеттерінің дамуы.

Ойын-шығармашылықты дамытуға арналған маңызды құрал болып табылады. Балалар рольдік ойындар, қиялға негізделген әрекеттераркылы жаңа әлемдерді ойлап табады.Ойлау процесінде шығармашылық қабілеттері мен дербестіктері дамиды.





Қорытынды:

Ойын әрекеті бала өмірінде маңызды орын алады. Ойын-тек көңіл көтеру ғана емес,баланың физикалық, шығармашылық ,әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан, баланы дамытуда ойынның маңызы зор екенін түсіну керек. Ойын-баланың жан-жақты дамуына ықпал ететінін түсіндім.Ол танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық және физикалық қабілеттерді баланың бойына жетілдіреді деп ойлаймын.

(Баяндама)

«Экологиялық мәдениетті қалыптастыру – баланың табиғатқа жанашырлық көзқарасын дамыту негізі»

Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б.

Таушық ауылы, 2026 жыл.

Баяндама тақырыбы: Экологиялық мәдениетті қалыптастыру – баланың табиғатқа жанашырлық көзқарасын дамыту негізі

Қазіргі таңда экологиялық тәрбие – балабақшадағы тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға үйрету – біздің басты міндетіміздің бірі.

Экологиялық мәдениет – бұл табиғатты түсіну, оны қорғау және аялау дағдыларының жиынтығы. Бұл мәдениет баланың кішкентай кезінен қалыптасуы тиіс. Сондықтан балабақшада экологиялық тәрбиені жүйелі түрде жүргізу аса маңызды. К. Д. Ушинский «Баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді.

5-6 жастағы балалар табиғат және ондағы көптеген заттар, құбылыстар жайлы мағлұматтардан хабардар болады. Жыл мезгілдеріне сәйкес /күз, қыс, көктем, жаз/ күзде жапырақтар сарғаятыны, құстардың жылы жаққа ұшатыны, тұманды, жаңбырлы күндердің көп болатыны т.б. бала түйсігінде із қалдырмай қоймайды. «Күз» дегенде «жапырақтар сарғайып түседі» — деген ойдың пайда болуы оларды күнделікті өмірмен тығыз байланыстырады. Себебі, күзде баланың таза ауада жапырақтармен ойнайтын кезі аз емес.

4-5 жастағы бала жылдың төрт мезгілін бір-бірінен ерекшеленетінін толық айтып бере алмайды. Бірақ, күзден кейін қыс, көктемнен кейін жаз келетінін біледі. Сонымен қатар бала күнделікті көріп жүрген қой-ешкі, сиыр мен жылқы сияқты үй жануарларын, хайуанаттар әлемінен көрген ит, қасқыр, түлкі, сияқты аңдар мен құстарды таниды. Бес жастағы бала табиғаттағы шындық пен ертегідегі жағдайларды бір-бірімен шатастырады да, оларда мынадай ойлар тууы мүмкін.

Бала осы сөздермен мысық пен кірпінің ерекшелігін толық сипаттадым деп ойлайды, ал шын мәніндегі ой-түсік кейін келе қалыптасып, жетіле береді. Осыған сәйкес , «Өсімдіктер әлемі» тақырыбын өткенде, балаларды балабақша ауласындағы ағаштармен, гүлдермен, шөптермен таныстырып, олардың жылдың әр мезгіліне сай өзгеріп отыратындығын түсіндіріп өткен жөн.

1. Табиғат бұрышындағы жұмыс

Балабақшадағы табиғат бұрышы – балалардың табиғатпен тікелей байланыс жасайтын орны. Мұнда балалар гүлдерге су құяды, жапырақтарын сүртеді, жануарларға күтім жасайды. Осындай қарапайым еңбек әрекеттері арқылы балаларда жауапкершілік, қамқорлық сезімі қалыптасады.

Балалар табиғат бұрышында еңбек ете отырып:

- өсімдіктердің өсуін бақылайды;
- тірі ағзаларға жанашырлықпен қарауды үйренеді;
- табиғатты қорғаудың маңызын түсінеді.

2. Серуен кезіндегі экологиялық тәрбие

Серуен – балаларға табиғатты танытудың ең тиімді жолы. Серуен барысында балаларға:

- ағаштарды сындырмау,
- гүлдерді жұлмау,
- қоқыс тастамау

сияқты қарапайым ережелер үйретіледі. Тәрбиеші балалармен бірге табиғатты бақылап, оның әсемдігін сезінуге, қорғауға бағыттайды. Балалар табиғат құбылыстарын бақылау арқылы қоршаған ортаға қызығушылық танытады.

3. Балалардың әңгімелері мен түсініктері

Балалармен жүргізілетін әңгімелер экологиялық тәрбиенің маңызды бөлігі. Табиғат туралы әңгімелесу барысында балалар:

- табиғатты қорғау туралы өз ойларын айтады;
- жақсы мен жаманды ажырата біледі;

- табиғатқа зиян келтірмеу керектігін

түсінеді.

4. Экологиялық акциялар мен іс-шаралар

Балабақшада экологиялық акциялар ұйымдастыру – өте тиімді әдіс. Мысалы:

- «Таза аула» акциясы,
- ағаш отырғызу,
- гүл егу,
- қоқысты сұрыптау шаралары.

Мұндай іс-шаралар балалардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, белсенділігін дамытады.

5. Табиғатқа жанашырлық сезімін қалыптастыру

Балаларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үйрету – тәрбиенің негізі. Ол үшін:

- үлгі көрсету,
- табиғат туралы ертегілер оқу,
- ойындар мен тәжірибелер өткізу маңызды.

Балалар табиғатты жақсы көрсе, оны ешқашан бүлдірмейді.



Қорытынды

Қорыта келе, экологиялық мәдениетті қалыптастыру – үздіксіз жүргізілетін процесс. Табиғат бұрышындағы еңбек, серуендер, әңгімелер мен экологиялық акциялар арқылы біз балаларды табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелейміз.

Бүгінгі кішкентай бүлдіршін – ертеңгі табиғатты қорғаушы азамат. Сондықтан олардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті қалыптастыру – біздің ортақ міндетіміз.

https://www.facebook.com/share/v/1GYHjKyQWq/
https://www.facebook.com/share/v/18S7bzydcj/
https://www.facebook.com/share/v/14YN3A2x9Dh/

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 4

Таушық ауылы 31 наурыз 2026
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 10
Қатыспағаны– 0

Күн тәртібінде

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Ойын арқылы балалардың шығармашылық құзыреттілігін дамыту.
3. Дене қимыл қозғалысының дамуында ұлттық ойындардың маңызы.
4. Мектеп алды топтары балаларының жеке даму картасын дайындау, бақылау жұмыстары.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі І-мәселе бойынша өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы бөбекжай директорының есебі тыңдалды. Есеп барысындағы жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігі уақытылы орындалғаны, тәрбиешілер тарапынан оқу-тәрбие процесінде жаңа әдіс тәсілдер қолданылғаны айтылды. Сонымен қатар кейбір құжаттарды рәсімдеуге және жеке жұмыстарды ұйымдастыруда кемшіліктер бар екені анықталды.

2-мәселе бойынша ортаңғы топ тәрбиешісі А. Әміреева балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойын технологияларын тиімді пайдалану туралы баяндамасын оқыды. Баяндама ойынның бала дамуына әсері, оның ішінде ойлау, қиялдау, сөйлеу дағдыларын жетілдірудегі маңызы атап өтілді, іс-тәжірибеден мысалдар келтіріп, түрлі дидактикалық және рөлдік ойын түрлері ұсынылды.

3-мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А. Жақсылықова ұлттық ойындардың балалардың дене дамуына әсері туралы айтып өтті. Ұлттық ойындардың балалардың шапшаңдығын, ептілігін, төзімділігін дамытудағы рөлі ерекше екені атап өтілді. Сонымен бірге балалардың қызығушылығы жоғары екені және күнделікті іс-әрекетке енгізудің тиімділігі айтылды.

4-мәселе бойынша мектеп алды топтары балаларының жеке даму карталарын жүргізу және бақылау жұмыстары туралы топ тәрбиешілерінің есебі тыңдалды. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму

деңгейін анықтау жұмыстары жүргізілгені туралы айтылды. Кейбір топтарда құжаттарды толтыруда жүйелілік жеткіліксіз екені анықталды.

Шешім

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешім қабылданды.

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдердің орындалысы қанағаттандырарлық деп танылсын.
2. Шығармашылық ойындар арқылы балалардың белсенділігін арттыру жұмыстары күшейтілсін.
3. Ұлттық ойындарды күнделікті серуен және оқу қызметіне енгізу ұсынылсын.
4. Балалардың жеке даму карталарын уақытылы және толық толтыру қамтамасыз етілсін.

Пед кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы: А. Жақсылықова

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай – бақшасының
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

Баяндама:

Тақырыбы: «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойын технологияларын тиімді пайдалану»

Тәрбиеші: Әміреева Алтын Назарқызы

Наурыз айы 2026 жыл

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда ойын технологияларын тиімді пайдалану

Кіріспе

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты мақсаты – жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға тәрбиелеу. Баланың шығармашылық қабілеті оның ойлау деңгейін, қиялын, өз ойын еркін жеткізуін дамытады. Осы мақсатқа жетуде ойын технологияларын қолдану өте маңызды.

Негізгі бөлім

Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды» дейді, демек балалармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір – біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады.

В.Сухомлинский

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның рөлі ерекше. Ойын – жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді.

Ойын – баланың табиғи әрекеті. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны танып, жаңа білімді жеңіл меңгереді. Сондықтан сабақ барысында ойын технологияларын тиімді пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Ойын технологияларының түрлері:

Дидактикалық ойындар – білімді бекітуге арналған

Рөлдік ойындар – балалардың сөйлеу, елестету қабілетін дамытады

Қимыл-қозғалыс ойындары – дене белсенділігімен қатар ойлауды дамытады

Шығармашылық ойындар – сурет салу, құрастыру, әңгіме ойлап табу

Ойын технологияларын қолданудың тиімділігі:

Баланың ойлау қабілеті дамиды

Қиялы мен шығармашылығы артады

Өз бетінше шешім қабылдауға үйренеді

Қарым-қатынас дағдылары қалыптасады

Сабаққа деген қызығушылығы күшейеді

Мысалы, «Әңгіме құра», «Суретті жалғастыр», «Кім жылдам?» сияқты ойындар баланың логикалық ойлауын және шығармашылық қабілетін дамытады.

Ойынды балалар өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде пайдалана отырып, алдымен солардың ортақ мүддесін бағыттап және дамытып отыру, балалар ұжымын топтастыруға күш салуымыз керек. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, ол тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А. С. Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады».

Балаларды заман талабына сай коммуникативті қасиеттер мен эстетикалық талғамы – сезімі жоғары, ұшқыр ойлы, белсенді креативті кез келген ортаға бейімделетін, өзін-өзі ұстай алатын тұлға қалыптастыру басты міндетіміз.

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін әрі тербелейтін негізгі іс-әрекет – ойын. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен, қарым-қатынастарымен танысады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай, жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын, мінез-құлқын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған.

Мектепке дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту үрдісінде дидактикалық ойындарды пайдалану бүгінгі күнгі білім беру саласындағы өзекті мәселе.

Ойын негізінен балаларға дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды құралы. Ойын балаларды ұйымшылдыққа үйретеді. Ойынның түрлері көп, соның ішінде маңыздысы – дидактикалық ойын. Бұл ойынның пайдасы – баланың ой өрісінің қалыптасуын, дамуын мақсат етіп қояды. Сондай-ақ балалардың адамгершілік сезімін оятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау, еңбек адамдарына, басқа ұлт өкілдерін, достық, туған жеріне сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Дидактикалық ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынның міндеті – баланың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыру мақсатында іріктеліп алынатын нақты мазмұнмен анықталады. Дидактикалық ойындар – балалар үшін өзіне тән жүру барысы, мақсаты,

маңызы бар әрекет. Ойындарды бала тәрбиесіне енгізу үшін тәрбиешілер көптеген жұмыстарды атқарады.

Дидактикалық ойындарды тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдылығын, белсенділігін, баланың ынтасын күшейтеді. Ойын ережесі балалардың түсінуіне оңай, қарапайым, әрі қысқа болу керек. Кейде ойынның мазмұны, ережесі балаларға дұрыс түсіндірілмейді де, балалар оған қызықпайды, зейін қойып тыңдамайды. Оның үстіне дидактикалық материалдар мен көрнекіліктерге жеке көңіл бөлу керек. Балалардың таным қабілетін, логикалық ой-өрісін кеңейтіп, сабаққа ынтасын арттыруда дидактикалық ойындарды ұтымды пайдаланудың маңызы зор. Балаларға алдарына қойылған дидактикалық тапсырмаларды өз беттерінше орындау үшін тәрбиеші көркем әдебиет оқып беру, алдын-ала жұмыс жүргізу керек.

Дидактикалық ойын балалардың қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтеді, баланы ойнай білуге баулып, ақыл-ой қызметін қалыптастырады, әрі адамгершілікке тәрбиелеу құралы болып табылады. Дидактикалық ойынның ережелері балалардан ұстамдылықты, тәртіптілікті қажет етеді. Сонымен қатар дидактикалық ойлау қабілеттерін, ізденімпаздылығын арттырады, сөздік қорларын молайтуға көмектеседі. Балалардың қызығушылығын арттырады, белсенділік танытып, бағдарламалық материалдарды меңгеруіне ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі — дидактикалық ойындар арқылы тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Дидактикалық ойын арқылы сөздік жұмысын жүргізе отырып, балаларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр- түсін және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретуге болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, ойын технологиялары – балалардың шығармашылық қабілетін дамытудың тиімді құралы. Мұғалім ойын элементтерін дұрыс және жүйелі қолданса, оқушының сабаққа деген қызығушылығы артып, білім сапасы жоғарылайды.

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық кеңес отырысының
№5 Хаттамасы

Таушық ауылы 22 мамыр 2026
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 10
Қатыспағаны– 0

Күн тәртібінде

1. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейінің көрсеткіші.
3. Қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5. Екінші жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптсауының мониторингі.
6. Баланың мектепке дайындығы.

Тыңдалды

2025-2026 оқу жылының қорытындысы.

Баяндамашы: Бөбекжай меңгерушісі А.Е.Баянова.

Оқу жылы барысында жылдық жоспарға сәйкес білім беру, сауықтыру және ата-аналармен жұмыс бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді. Педагогтер мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес білім беру процесін ұйымдастырды.

Жыл бойы:

- Педагогикалық кеңестер өткізілді.
- Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер ұйымдастырылды.
- Семинар өткізілді.
- Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстары жүргізілді.
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар орындалды.

Оқу-тәрбие процесі мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау басты назарда болды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тәрбиеші Орысбаева Алтынтөре сөйледі.

Бөбекжай балалардың шығармашылық қабілеттерінің даму көрсеткіштері бойынша баяндама жасады. Жыл бойы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка, театрландырған ойындар, көркем әдебиет оқу жұмыстары жүргізілді. Балалар шығармашылық байқауларға, мерекелік іс-шараларға белсенді қатысты. Шығармашылық жұмыстарынан көрмелер ұйымдастырды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер А. Жаксылыкова баяндама жасады.

Бөбекжайдың барлық жас топтарында қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді. Балалардың басым бөлігі бағдарламалық материалды толық меңгерген. Танымдық, коммуникативтік дағдылар қалыптасқан. Кейбір тәрбиеленушілермен жеке жұмыстар жүргізу қажеттігі анықталды. Педагогтердің кәсіби шеберлігі мен инновациялық әдістерді қолдануы оң нәтиже көрсетті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері А. Жаксылыкова сөйледі.

2025-2026 оқу жылының 2-жарты жылдығы бойынша тәрбие және білім алу дағдыларының қалыптасуы жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша баяндама жасады. Сонымен бірге 2026 жылғы жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіттірді. Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында жүйелі, жоспарлы жұмыстар жоспарланды:

- таңертеңгі жаттығу;
- қимылды ойындар;
- спорттық жарыстар;
- су, ауа процедуралары;
- табиғатты бақылау;
- экологиялық іс-шаралар;
- көңілді мерекелер мен ойын сауықтар;
- жол қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі бойынша әңгімелер;
- денсаулық күндері.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы тестінің қорытындысы. Баяндама жасаған педагог-психолог Г.Жамишова мектеп алды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке психологиялық және танымдық дайындығын анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Нәтижелері:

- мектепке дайын бала
- шартты дайын бала
- қосымша қолдау қажет бала

Балалардың:

- сөйлеу тілі

- логикалық ойлауы
- зейіні
- есте сақтауы
- ұсақ қол маторикасы
- әлеуметтік бейімделуі бағаланады.

Тәрбиешілеріне ұсыныстар айтылды. Жазғы кезеңде дамыту жұмыстарын жалғастыруға ата-аналары жұмыстануы қажет. Мектепке бейімделуі бойынша кеңес беруге.

Шешім

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, шешім қабылданды.

1. Оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсы.
2. Шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары келесі оқу жылында жалғастырылсын.
3. Педагогтердің жұмыс тәжірибесі жинақталып, келесі оқу жылына жалғастырылсын.
4. 2026 жылғы жазғы сауықтыру жұмыстарының жоспары бекітілсін, жоспарлы жұмыс жүргізілсін.
5. Мониторинг нәтижелері келесі оқу жылын жоспарлау кезінде ескерілсін.
6. Мектепке даярлық көрсеткіштері қанағаттанарлық деп танылсын.

Пед кеңес төрайымы: А.Баянова

Хатшы А. Жақсылықова

Тақырыбы: «Оқу-тәрбие үрдісінің қорытындысы және алдағы міндеттер»
Баяндамашы: Бөбекжай меңгерушісі А.Е. Баянова
Баяндаманың мақсаты: Оқу жылы бойында бекітілген жылдық жоспардың орындалу барысын саралау; Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының (МЖМБС) орындалу деңгейін айқындау және бөбекжайдың білім беру, сауықтыру, қауіпсіздік пен ата-аналармен ынтымақтастық бағыттары бойынша атқарылған жұмыстарының қорытынды нәтижесін бағалау.

I. КІРІСПЕ

Қадірлі әріптестер, педагогтер ұжымы!

Өтіп бара жатқан оқу жылы біздің бөбекжай үшін шығармашылық ізденіске, жүйелі жұмыстар мен нәтижелі көрсеткіштерге толы кезең болды. Мектепке дейінгі ұйымның басты мақсаты — әрбір бүлдіршіннің заманауи үлгіде сапалы тәрбие мен білім алуына, олардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауға қолайлы орта қалыптастыру. Осы оқу жылы барысында біздің ұжым жылдық жоспарға сәйкес білім беру, сауықтыру және ата-аналармен жұмыс бағыттары бойынша ауқымды іс-шараларды жүзеге асырды. Бөбекжайдың педагогтер құрамы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының талаптарын басшылыққа ала отырып, білім беру процесін жоғары кәсіби деңгейде ұйымдастырды.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ: Атқарылған жұмыстардың мазмұны

Жыл бойы бекітілген жоспар негізінде мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жүйелеу мақсатында келесідей маңызды бағыттар бойынша нәтижелі қадамдар жасалды:

1. Әдістемелік жұмыс және кәсіби шеберлік
   - Педагогикалық кеңестер: Оқу жылы ішінде маңызды тақырыптарды қамтыған педагогикалық кеңестер тұрақты түрде өткізіліп тұрды. Кеңестер барысында оқытудың жаңа технологиялары, балалардың жас ерекшеліктеріне сай дамуы және заманауи әдіс-тәсілдер талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.
   - Семинарлар мен тәжірибе алмасу: Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында арнайы әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды. Бұл шаралар тәрбиешілердің шығармашылық әлеуетін ашуға және өзара тәжірибе бөлісуге үлкен септігін тигізді.
   - Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер: Тәрбиешілер мен мамандар өздерінің кәсіби шеберліктерін көрсететін ашық сабақтар мен іс-әрекеттер ұйымдастырды. Бұл процесте балалардың белсенділігі, логикалық ойлауы мен дербестігін дамытуға баса назар аударылды.
2. Сауықтыру жұмыстары және балалардың қауіпсіздігі

Бөбекжайымызда тәрбиеленушілердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау — әрдайым басты назарда және бірінші кезекте тұратын міндет.

- Балалар қауіпсіздігі: Жыл бойы балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша кешенді іс-шаралар толық көлемде орындалды. Нұсқаулықтар уақытылы жүргізіліп, қауіпсіз дамытушы орта қамтамасыз етілді.
- Сауықтыру бағыты: Балалардың шынығуы, дұрыс тамақтануы және физикалық тұрғыдан дұрыс дамуы үшін күн тәртібіне сәйкес сауықтыру шаралары (шынықтыру процедуралары, сергіту сәттері, белсенді қозғалыс ойындары) жүйелі түрде жүргізілді.

3. Ата-аналармен ынтымақтастық

Отбасы мен бөбекжай арасындағы тығыз байланыс — табысты тәрбиенің негізі. Оқу жылы бойы ата-аналармен сындарлы ынтымақтастық жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар бөбекжайдың қоғамдық өміріне, мерекелік және танымдық іс-шараларына белсенді тартылып, тәрбие үрдісінің тең құқылы серіктестеріне айналды.

III. ҚОРЫТЫНДЫ

Құрметті әріптестер!

Қорыта айтқанда, өтіп бара жатқан оқу жылында біздің алдымызға қойылған мақсаттар мен міндеттер өз мәресіне жетті. Оқу-тәрбие процесі мемлекеттік стандарт талаптарына толықтай сай ұйымдастырылды. Осы ортақ табысқа өз үлесін қосқан, әр баланың жүрегіне жол тауып, аянбай еңбек еткен әрбір педагогке, бөбекжай қызметкерлеріне шын жүректен алғысымды білдіремін.Алдағы уақытта да осы қарқынды бәсеңдетпей, балаларымыздың қауіпсіз, сау әрі бақытты өсуі үшін бірлесе жұмыс істей береміз деп сенемін.

Назар аударып тыңдағандарыңызға рақмет!

Күн тәртібіндегі мәселе: Жастық топтардағы қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесі және балалардың даму деңгейін талдау.
Баяндамашы: Бөбекжай әдіскері А. Жақсылықова
Баяндаманың мақсаты: Оқу жылының қорытындысы бойынша бөбекжайдың барлық жас топтарында өткізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттердің нәтижесін сараптау; балалардың Мемлекеттік стандарт талаптарына сай білім, білік және дағдыларды меңгеру деңгейін айқындау.

I. КІРІСПЕ

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері, әріптестер!

Оқу жылының аяқталуына байланысты бөбекжайымыздың білім беру сапасын бақылау және бағалау мақсатында бекітілген кестеге сай барлық жас топтарында қорытынды ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді. Бұл іс-шаралар — педагогтеріміздің жыл бойғы еңбегінің нәтижесін және балаларымыздың бойындағы сапалық өзгерістерді айқындайтын маңызды әдістемелік кезең болып табылады.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ: Қорытынды іс-әрекеттердің нәтижелерін талдау

1. Балалардың бағдарламалық материалды меңгеру көрсеткіші

Өткізілген қорытынды іс-әрекеттерді бақылау және мониторинг нәтижелері көрсеткендей, балалардың басым бөлігі жылдық бағдарламалық материалды және Мемлекеттік стандарт талаптарын **толық деңгейде меңгерген**.

- **Танымдық дағдылар:** Балалардың қоршаған орта туралы түсініктері кеңейіп, логикалық ойлау, салыстыру, топтастыру және қарапайым математикалық ұғымдарды қолдану қабілеттері жоғары деңгейде қалыптасқан.
- **Коммуникативтік дағдылар:** Бүлдіршіндер өз ойын еркін жеткізу, сұрақтарға толық жауап беру, өзара диалогқа түсу және сөздік қорды дұрыс қолдану дағдыларын жақсы меңгергенін көрсетті.

2. Жеке қолдауды қажет ететін тәрбиеленушілермен жұмыс

Қорытынды бақылау барысында балалардың жас ерекшеліктері мен жеке даму темпіне байланысты кейбір тәрбиеленушілердің белгілі бір дағдыларды (мысалы: дыбыстарды дұрыс айту, зейінді тұрақтандыру, ұсақ моторика) меңгеруде сәл артта қалушылықтары анықталды.

- Осыған байланысты, алдағы уақытта (жазғы сауықтыру кезеңінде және келесі оқу жылының басында) осы тәрбиеленушілермен **арнайы жеке дамыту жұмыстарын** жоспарлы түрде жүргізу қажеттігі туындап отыр.

3. Педагогтердің кәсіби шеберлігі мен инновациялық әдістер

Қорытынды іс-әрекеттердің жоғары деңгейде өтуі — педагогтеріміздің шеберлігінің тікелей дәлелі. Тәрбиешілер сабақ барысында жалаң түсіндіруден қашып, **инновациялық әдіс-тәсілдерді** (ойын технологиялары,

СТЕМ элементтері, интерактивті көрнекіліктер, дамытушылық тапсырмалар) шебер қолдана білді. Бұл бағыт оқу-тәрбие процесінде өте оң нәтижесін көрсетіп, балалардың сабаққа деген ынтасы мен белсенділігін арттырды.

III. БАЯНДАМАШЫНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ (ПЕДКЕҢЕС ҚАУЛЫСЫНА)

Әдіскер ретінде, өткізілген мониторинг қорытындысына сүйене отырып, келесідей әдістемелік ұсыныстарды алға тартамын:

1. **Жеке даму картасын әзірлеу:** Бағдарламалық материалды меңгеруде қиындықтары бар балалардың тізімін нақтылап, оларға арналған жеке түзету-дамыту жұмыстарының жоспарын құру.
2. **Тәжірибе алмасуды жалғастыру:** Инновациялық әдістерді қолдануда жоғары нәтиже көрсеткен тәрбиешілердің іс-тәжірибесін бөбекжай деңгейінде кеңінен тарату, өзара сабаққа қатысуды жүйелеу.
3. **Ата-аналармен кері байланыс:** Қорытынды мониторинг нәтижелерін ата-аналарға жеке кеңес беру форматында жеткізіп, баланың жазғы кезеңдегі дамуы бойынша үйде жасалатын жаттығулар ұсыну.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, бөбекжайымыздағы оқу-тәрбие үрдісі дұрыс әрі жүйелі бағытта ұйымдастырылған. Балаларымыздың жетістігі — біздің ортақ еңбегіміз. Сапалы білім мен саналы тәрбие беру жолында шығармашылық танытқан барлық педагогтерге алғыс білдіремін.

Назар аударып тыңдағандарыңызға рақмет!

Күн тәртібіндегі мәселе: Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке психологиялық-танымдық дайындығын анықтау тестінің қорытындысы.
Баяндамашы: Бөбекжай педагог-психологы Г. Жамишова
Баяндаманың мақсаты: Мектепалды даярлық тобындағы тәрбиеленушілердің мектепке психологиялық, танымдық және әлеуметтік дайындық деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытындысын сараптау.

I. КІРІСПЕ

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері, әріптестер!

Мектепалды даярлық кезеңінің ең жауапты сәті — баланың болашақ мектеп өміріне психологиялық тұрғыдан дайын болуын қамтамасыз ету. Осы оқу жылының қорытындысы бойынша мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке психологиялық және танымдық дайындығын анықтау мақсатында кешенді диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеу баланың тек білім деңгейін ғана емес, оның мектептегі оқу үрдісіне ішкі дайындығы мен психикалық функцияларының даму ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ: Диагностика бағыттары мен нәтижелері

1. Тәрбиеленушілерді бағалаудың негізгі критерийлері

Диагностикалық тестілеу барысында әрбір баланың даму деңгейі мынадай маңызды бағыттар бойынша жан-жақты бағаланды:

- **Сөйлеу тілі:** Ойды жүйелі жеткізуі, сөздік қоры, дыбыстарды дұрыс айтуы және байланыстырып сөйлеу қабілеті;
- **Логикалық ойлауы:** Себеп-салдарлық байланыстарды таба білуі, топтастыру, салыстыру және жалпылау дағдылары;
- **Зейіні:** Тапсырманы орындау кезіндегі зейіннің тұрақтылығы, шоғырлануы және бір әрекеттен екінші әрекетке ауысу жылдамдығы;
- **Есте сақтауы:** Көру және есту арқылы ақпаратты есте сақтау көлемі мен қайта жаңғырту сапасы;
- **Ұсақ қол моторикасы:** Саусақ бұлшықеттерінің дамуы, қаламды дұрыс ұстауы, жазуға икемділігі мен координациясы;
- **Әлеуметтік бейімделуі:** Құрдастарымен және үлкендермен қарым-қатынасқа түсу деңгейі, ережелерді қабылдауы және эмоционалды-еріктік дайындығы.

2. Диагностика қорытындысының көрсеткіштері

Жүргізілген тестілеу мен бақылау жұмыстарының нәтижесінде тәрбиеленушілер дайындық деңгейіне қарай мынадай үш топқа жіктелді:

1. **Мектепке толық дайын балалар:** Психикалық процестері жақсы дамыған, танымдық белсенділігі жоғары, мектеп ережелерін қабылдауға және әлеуметтік ортаға тез бейімделуге қабілетті бүлдіршіндер.
2. **Шартты түрде дайын балалар:** Бағдарламалық материалдар мен негізгі дағдыларды меңгерген, алайда кейбір бағыттар бойынша

(мысалы, зейінді ұзақ сақтау немесе ұсақ моторика) сәл шыңдауды, бағыт-бағдар беруді қажет ететін балалар.

3. **Қосымша қолдау қажет ететін балалар:** Мектепке бейімделу кезеңінде қиындықтар туындауы мүмкін, эмоционалдық-еріктік сапалары әлі де тұрақсыз немесе танымдық дағдыларын дамыту үшін психологиялық-педагогикалық тұрақты көмекті қажет ететін тәрбиеленушілер.

III. ПЕДАГОГТЕР МЕН АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАР

Диагностика қорытындысын негізге ала отырып, балалардың мектепке бейімделуін сәтті ұйымдастыру үшін мынадай ұсыныстарды алға тартамын:

1. Даярлық тобы тәрбиешілеріне ұсыныстар:

- Оқу жылының соңына дейін және күнделікті іс-әрекетте «қосымша қолдау қажет» деп танылған балалармен жеке дамыту жұмыстарын жүргізу;
- Сабақтар мен ойын барысында балалардың ұсақ қол моторикасын жетілдіруге (графикалық диктанттар, мүсіндеу, қию) және логикалық ойлау тапсырмаларына баса назар аудару;
- Балалардың өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатында эмоционалды қолдау көрсету.

2. Ата-аналарға арналған ұсыныстар (Жазғы кезеңдегі жұмыс):

- **Жазғы дамыту жұмыстарын жалғастыру:** Ата-аналар жазғы демалыс кезеңінде баланың дамуын тоқтатып қоймай, үйде баламен бірге кітап оқу, оқығанын айтқызу (тіл дамыту), сурет салу және саусақ бұлшықеттерін дамыту жұмыстарымен жүйелі айналысуы қажет;
- **Мектепке бейімделу бойынша кеңес:** Баланың бойында мектепке деген жағымды көзқарас қалыптастыру (мектеп туралы тек жақсы әңгімелер айту), болашақ күн тәртібіне (ерте тұру, уақытымен демалу) жаз айларынан бастап біртіндеп дағдыландыру.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ

Мектепалды даярлық тобы балаларының диагностика нәтижелері бөбекжай ұжымы мен отбасының бірлескен жұмысының маңыздылығын тағы да айқындап берді. Жазғы кезеңде ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, ұсыныстарды жүйелі орындасақ, балаларымыз күзде мектеп табалдырығын сенімді әрі сәтті аттайтын болады.

Назар аударып тыңдағандарыңызға рақмет!